www.jasqazaq.kz vk.com.jasqazaq Jasqazaq Жас қазақ

JAS QAZAQ

ISSN 2074-899X

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 2005 жылдың 7 қаңтарынан шыға бастады

№34 (814)

11 қыркүйек 2020 жыл

ДАБЫЛ

КӨКШЕГЕ КӨЗ ДӘРІГЕРІ КЕРЕК

Таяуда Ақмола облысының орталығындағы «Басар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарасты балалардың көз емханасында болғанымызда шетін жайды естіп, жағамызды ұстадық.

Серіктестік мамандары №17 мектеп оқушылары арасында көз ауруларының қаншалықты деңгейде екендігін анықтау жұмысын жүргізген. 863 оқушы тексеруден өткен кезде, 11 пайызының көзілдірік киетіндігі, 32 пайызында көз ауруларының алғашқы белгілері пайда болғандығы, ал 43 пайызының көру қабілеті азайып бара жатқандығы белгілі болып отыр. Бұл тарапта да ата-аналар ондаған жыл бойы жергілікті биліктің назарын аудару үшін арызданып келеді. Облыс орталығында балалар көз дәрігері жоқтың қасы. Ал облыстық ауруханадағы көз бөлімшесіндегі құрал-жабдықтың бәрі ескірген. Ең керекті құрал-жабдықтың өзі 1970 жылғы. Тығырықтан шығар жол қайда?!

Қазір облыс орталығындағы «Басар» серіктестігінде біршама жақсы жағдай бар. Олар балалардың көз ауруларын анықтауға және емдеуге қажетті «Синоптофор СИНФ-1», «Визотронник МЗ» тәрізді аппаратпен жабдықталған. Бірақ мемлекеттік тапсырыс бойынша қаражат бөлінбегендіктен, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың балалары емделе алмай отыр. Бұл тарапта да ата-аналардың арыз-шағымы аз емес. Әйтсе де, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшылары осы жайды келіп көруге «уақыт таппайды».

(Жалғасы 3-бетте)

ӨЗЕКТІ

Ата-бабаларымыз қалай қапысыз айтқан. Әрине, дер уақытында, керек жерінде туған сөздің орны әрқашан ерекше. Ал қазіргі мінезіміз қандай? Біржақты айтуға болмас.

Дархан МЫҢБАЙ,
Мәжіліс депутаты:

ЖЫЛҚЫ МІНЕЗДІ ХАЛЫҚПЫЗ

Алайда өзгеріске ұшыраған құлқымыз бар. Ғұлама Абай мінеген бес дұшпанға – өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпаққа – тағы бесеуі қосылса не дейміз? Ілгеріде анда-санда қылаң беретін жауапсыздық, немкеттілік, жағымпаздық, дүниеқоңыздық, қайырымсыздық сияқты келеңсіздіктер бүгінімізде құжынап-қаптап, қалың елді қараңға батырмасына кім, не кепіл? Оның сан мысалын өмірден көріп, құлағымыз естіп жүр.

Ортамызда Жаратқан иені сәт сайын ойлап, әділдіктен аттауға именетінді, имандылыққа ұйығанды, үлкеннің сөзіне құлақ асатынды, сөзге тоқтайтынды көрген ұрпақтың жұрағат-жұрыны жүр емес пе?

Әлі де болса...

Әлі де болса көп асыл істі қолға алу кеш емес. Өйткені жылқы мінезді жұртымыздың табиғаты тағаттылық пен төзімділікке, турашылдық пен тиянаққа бейім. Жеті атасының асыл сүйегін, таза қанын танып барып, ұрпақ өрбітетін, өсіретін қасиеті және бар. Қазақ елі әлемдік қауымдастықта өз орнын жаңғырған санамен бекемдеуді мұрат тұтады. Бұл – Ұлы дала елі жеті қырының бірі ретінде айқындалған бірегей мүддеміз. Байырғы қазақтың түп-тұқияны жерінде адамзат баласы алғаш рет жылқыны қолға үйретсе, бұл – құс қанатты жануардың қоршаған ортамен үйлесіміндей құбылыс.

Пырақ – екі дүние арасын жалғайтын асыл арман. Беу дүниенің қыры мен ылдиы. Етегі мен асқары. Сайын даланың көркіне көрік қосатын, төрт тараптың бірлігі мен қадірін арттыратын, халықтың табиғаттан нәр алған тілі мен ділін, еңсесі мен кеңдігін көрсететін, кемдігін адалдықпен, жылдамдықпен, тазалықпен, тәртіппен, мәрттікпен, төзіммен толтыратын арда қасиетті меңзегендей. Үйірімен үйлескен, табынымен табысқан тұлпарлардың тұяқ дүбірі даламызға да, санамызға да мың жылдық сарынды сіңіріп кеткендей. Бұл тума мінезімізге тән жүрістен жаңылдырмайды, шабысымыздан да шабандатпайды. Тек көлденең келетін кесапаттан, Құлагерді сұлатқан Барақбайлардың *(Ақан сері туралы жазған ақын Мағжан осылай деп көрсетеді, яғни Батыраш емес)* күншілдігінен сақтасын дейміз.

Археологтар айтады: «Қазақ елінің төрт тарапын қазсаң да, өте ежелгі қоныс орнынан жылқы сүйегі шығады. Ислам келгенге дейін де доңыз атымен жоқ» деп. Біз мұны бір мәдениетті екінші мәдениетке қарсы қою үшін дәйектемедік. Топырағымыз бен талғамымыздың жөнін айттық. Ер қанаты болған тұлпар тағдырымыздың мәні үшін дәйектедік.

КІМГЕ – КҮЛКІ, КІМГЕ – ТҮРПІ

ТАР ЖОЛ – ТАЙҒАҚ ОРЫНДАУШЫ

Түркістан облысында тар жолға жолақ сызғандар күлкіге қалды. Төле би ауданының Жаңаұйым ауылына кіреберістен бастап жүргізілген бүтін сызықты баспау мүмкін емес. Ал басып кетсеңіз, қып-қызыл айыппұл төлеп, тіпті жүргізуші куәлігінен айырыласыз. Бір көлік әзер сиятын жолды екіге бөлу үшін шашылған миллиондарды жұрт әлеуметтік желіде қызу талқылап жатыр.

Тұрғындар КТК телеарнасына берген сұхбатында «Мына жолақ сұмдық қой, қалай жүресің?! Тіке жүрсең, ереже бұзасың. Бір дөңгелегің мына жақта, біреуі ана жақта. Мұны қалай істеген?! Қазір жол полициясы келсе, айыппұл салады. Ереже бұзсақ та, жүрейік», – дейді.

Ауылға кіріп-шығып жатқан көліктер осылайша күнделікті жол ережесін бұзуда. Ені екі метрден сәл ғана асатын жолда басқаша жүру мүмкін емес. Ал шенеуніктер жолдың тарылуын көктемдегі сел кезінде екі жағын су шайып кетуімен түсіндірді. Анықталғандай, орындаушы компания шатасып, жолақты өзге ауылға қарай салып жіберген екен. Әкімдік 25 шақырымдық жолақтың құны 4 миллион теңге десе, орындаушы мекеме жоба құны 7 миллион теңгеден асатынын айтады.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

Дания ЕСПАЕВА,
Мәжіліс депутаты:

«2017 жылы білім және ғылым министрлігінің бастамасымен банктен 67,5 миллион доллар қарызға алынған болатын. Жобаның атауы – «Орта білімді жаңғырту». Ал негізгі мақсаты – қала мен ауыл мектептерінің білім беру деңгейін теңестіру. Осылайша, 5 мың мектепті мультимедиялық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуге шешім қабылданды. Ауыл мектептерінің барлығына компьютерлер мен кеңсе техникасы жеткізіледі деген жоспар болған. Ал, ең бастысы, интернет жылдамдығы баяу мектептерге қосымша сымсыз байланыс құралдарын орнату көзделген.

Алайда қолда бар мәліметке сәйкес, осы жобаның бірде-бір бағыты бойынша конкурс жарияланған жоқ. Ал компьютерлер мен интернет құралдарын сатып алуға қатысты техникалық тапсырма да әзірленбепті. Соған қарамастан, Қазақстан үш жыл бойы қарызды резервтеу үшін комиссия төлеп келеді. Ол шамамен 160 мың доллар. Себебі білім және ғылым министрлігі тиісті жұмысты бастаған жоқ. Біз білім және ғылым министрінен осы қаражаттың қайда жұмсалғаны жөнінде есеп беруін талап етеміз».

БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)	40,73
DOLLAR	426,36
EURO	501,7
РУБЛЬ	5,62

Шатырға шығып оқып жүр бүгінгінің баласы

Мақат ауданындағы (Атырау облысы) Ескене және Таскескен ауылының оқушылары

7 KÚN 168 SAǴAT

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

ҮКІМЕТ

ЖАҒДАЙ ТҰРАҚТАЛДЫ, БІРАҚ БОСАҢСУҒА БОЛМАЙДЫ

Премьер-Министр Асқар Мәминнің төрағалығымен өткен Үкіметтің селекторлық отырысында еліміздегі эпидемиологиялық ахуал қаралды.

Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой дер кезінде қабылданған шаралардың арқасында тәжкесел бойынша ахуалдың тұрақтанғанын баяндады. Атап айтқанда, коронавирус инфекциясы мен вирустық пневмонияның тәуліктік өсімі – 0,5 пайыз шегінде. Бүгінгі таңда осы инфекцияны жұқтырғандардың 94 пайызы емделіп шықты. Ал инфекциялық ауруханаларға түсетін жүктеме қазір 15 пайызды құрап отыр. Осы қатерлі дертке қатысты жедел жәрдем шақыру деңгейі 80 пайызға дейін төмендеді.

Қазіргі кезде ауруханадағы орын санын 50 мыңға дейін арттыру жайы пысықталуда. Өңірлерде 12 жұқпалы аурулар ауруханасы салынып жатыр. Сонымен қатар, 2 стационар қайта жөндеуден өткізілуде. Ауылдық жерлерде медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыс тоқтаған жоқ. Жедел жәрдем автокөлігі, автобус және барлық қажетті құрал-жабдықпен *(жасанды тыныс алу аппараты, оттегі концентраторы)* қамтамасыз етілуде. Аудандық ауруханаларда 132 рентген аппараты орнатылды. Биыл 1 қазанға дейін қосымша 100 жылжымалы медициналық кешен сатып алынады.

9 қыркүйектегі көрсеткіш бойынша, елімізде COVID-19 кесел анықталған науқас саны – 106 498. Соңғы тәулікте 73 адам тіркелді. 4 810 науқас ем алуда.100 042 адам сырқатынан айықты. 1 646 адам көз жұмды. Коронавирус инфекциясы бойынша *(ПТР-)* 28 228 ықтимал жағдай тіркелді. Қолға алынған қатаң шектеу шараларының арқасында 5 шілдеден бастап төсек-орындардың қамтылуы 6 есеге, оның ішінде жансақтау бөліміндегі төсек-орынның бос болмау көрсеткіші 6,6 есеге, сондай-ақ КВИ-ге қатысты жедел медициналық көмек шақыру 5,5 есеге дейін азайды. Емханалар үйде қызмет көрсету форматына көшіп, мобильді бригадалар саны 7,6 есе өсті. Бүгінде 3640 мобильді бригада құрылып, олар бүкіл ел бойынша жұмыс істейді.

А. Цой әлемді әбігерге түсірген кесел жөнінде айта келе, «Біздің елімізде, Еуропаның бірқатар елдерінде жағдайды тұрақтандыру қолға алынды. Дегенмен тамыздың басында тәжкеселдің Азияның кейбір елдерінде көптеп тарала бастағаны байқалды. Сондай-ақ Италияда, Австрияда, Испанияда, Германияда, Оңтүстік Кореяда, Түркияда тәжвируске шалдыққандар көбейді. ТМД елдерінде кеселге душар болудың орташа өсімі 0,5 пайызды құрады. Бұл Қазақстандағы көрсеткіштен 5 есе жоғары», – деді. Елімізде жеке қорғаныш құралдары мен дәрі-дәрмектің жеткілікті қоры жасалды. Сондықтан бұл жағынан тапшылық болмайды. Оның үстіне, тамыз айынан бері ауруханаларда вирустық инфекциядан емделу үшін тұрғындарға тегін дәрі-дәрмек *(дене қызуын түсіретін антикоагулянт)* беріліп жатыр. ПТР тестілеу мүмкіндігі артты *(тәулігіне 63 мыңға дейін жеткізілмек)*. Екпе сатып алу және оны өзімізде жасап шығару бойынша келіссөз жүргізілді. 15 қыркүйектен бастап тұрғындарға тұмауға қарсы екпе жасалады.

Үкімет тарапынан ауқымды жүйелі жұмыс жүргізіліп жатқанына тоқталған Асқар Мәмин қабылданған шаралардың нәтижесінде еліміздің күрделі кезеңдегі қиындықты еңсергенін, аурудың таралу деңгейін төмендету қамтамасыз етілгенін атап өтті. Премьер-Министр осы орайда, «Ең бастысы, біздегі денсаулық сақтау жүйесі коронавирус жұқтырғандарды емдеу бойынша зор тәжірибе алды. Барлық қабылданып жатқан шаралар күзде пайда болуы мүмкін пандемияның жаңа толқынына және маусымдық ауруларға қарсы күресуге жағдай жасайды. Әрине, санитарлық талаптарды қатаң сақтау керек», – деді.

Үкімет басшысы әлем бойынша эпидемияның тұрақсыздығын ескеріп, вирустың қайта өршуі мүмкіндігіне дайындық жұмысын жалғастыру және кейбір шектеу шараларын *(қашықтан білім беру, демалыс күндері локдаунды сақтау)* іске асыру қажет екеніне тоқталды.

Жиында Үкімет басшысы өңірлердің әкімдеріне эпидемиологиялық жағдайды ерекше бақылауда ұстап, барлық санитарлық нормаларды қатаң сақтауды, вирустың таралуы мен ауру жұқтыру көрсеткіштерінің өзгеруіне қарай жедел әрі нақты әрекет етуді, инфрақұрылымды дайындау шараларын қабылдап, барлық сатыдағы медицина қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді тапсырды. Денсаулық сақтау министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірге халық арасында профилактикалық жұмысты күшейту тапсырылды.

Талап ТІЛЕГЕН

АНТИ ТЕЗА

Азат ПЕРУАШЕВ,
Мәжіліс депутаты:

«Біздің мемлекетіміз сыртқы кредиторларға 158 млрд доллар берешек, бұл жалпы ішкі өнімнің 90 пайызын құрайды. Елдегі еңкейген қарттан, еңбектеген балаға дейінгі әрбір азамат шетелдік «ағайға» 9 мың доллар қарыз. Министрліктер мен әкімдіктердің жанынан құрылған мекемелер мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер өз шығындары мен атқарған жұмыстары жайлы Парламентке есеп беруі тиіс. Біздің елде мемлекеттік қаржының басым бөлігі бюджеттен тыс, қоғамнан жасырын түрде ұсталады».

Әсет ЕРҒАЛИЕВ,
ұлттық экономика вице-министрі:

«Елдің сыртқы қарызы 152,7 млрд АҚШ доллары немесе ЖІӨ-нің 83 пайызын құрайды. Бюджет саясаты тұжырымдамасына сәйкес, елдің сыртқы қарызының арақатынасы жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) 100 пайызынан аспауы керек. Халықаралық тәжірибеде сыртқы қарыздың өлшемін талдағанда, фирмалар арасындағы қарызды алып тастауды әдетке айналған. Өйткені ол ең тәуекелі аз саналады. Қазақстанның сыртқы қарызын Үкімет, Ұлттық банк бақылайды. Сыртқы қарыз ел тұрғындарына ауыртпалық түсірмейді».

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

БЮДЖЕТ ҚАРЖЫСЫН ИГЕРМЕГЕНДЕР

Министрліктер	теңге
Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі	4,6 млрд
Экология, геология және табиғи ресурстар	3,9 млрд
Қаржы	1,8 млрд
Білім және ғылым	1,5 млрд

Облыстар	теңге
Қарағанды	2,6 млрд
Батыс Қазақстан	2,6 млрд
Ақтөбе	2 млрд
Қызылорда	1,9 млрд
Ақмола	1,9 млрд

(Дереккөзі: қаржы министрлігі)

Әлеумет.t⁰

СЕБЕБІН АЙТАЙЫН...

«Білім – мектепте оқыған нәрсенің бәрі ұмытылғаннан кейінгі жадында қалғаны».

А.Эйнштейн

Сонымен, мәселе былай. Бүгінгі күні елімізде 129 ЖОО бар. Оларда 604 мың студент оқиды. Білім беру негізінен екі тілде жүргізіледі: мемлекеттік тілде – 64 пайыз, орыс тілінде – 32 пайыз. Өткен жылы 60,7 мың студент оқудан шығып қалды. Ширек бөлігі өз еркімен, бесінші бөлігі – қаржы тапшылығынан, әрбір тоғызыншы – сабақ оқымағаннан. Былайша айтқанда, әрбір бесінші студенттің ата-анасы оқу ақысын төлей алмады, әрбір тоғызыншы – екіден көз ашпаған. Енді біздің университеттер жайында бір ауыз сөз. Quacquarelli Symonds *(QS)* компаниясы жуырда Еуропа мен Орталық Азия елдеріндегі ЖОО-лардың рейтингін жариялады. Оған 306 оқу орны қатысқан. Алғашқы елудің қатарына бізден тек үш университет енді... Осыған қарап қандай қорытынды жасауға болады? Сонда біздің қалған ЖОО-лар көзбояушылықпен айналысып отыр ма? Жыл сайын дипломды мамандарды емес, дымбілместерді шығарып отыр ғой? Жоғары білім туралы диплом әшейін нәрсе ме? Мен барлық ЖОО туралы айтып отырған жоқпын. Мықтысы да бар, шындығын айтқанда біреу – Әл Фараби атындағы ҚазҰУ. Ол әлгі рейтингте 10-орыннан көрінді. Осыған орай, мынадай сауалдар қойғым келеді: бізге осыншама жоғары білімі бар, ал шын мәнінде білімсіз адамдар керек пе? Тиісті деңгейге жете алмайтын жүзден астам ЖОО қажет пе? Өзім өмір сүрген елдерде *(Еуропа мен Америкада)* жоғары білім алуға ұмтылатындар тым көп емес екеніне көз жеткізгем. Диплом алуды мақсат тұтпайды. Адамның еңбекке қабілеті болса, жоғары білімнің қажеті де жоқ. Кеңес кезінде қолөнерші мамандарды дайындайтын кәсіптік-техникалық училище мен техникумдардың болғаны есіңізде ме? Қазір онымен кім айналысады?

Колледж бен училище. Колледжің баяғы техникум мен кәсіби училищенің басқаша атауы екенін білемін. Олар қолданбалы мамандықтарды оқытады. Қазіргі заманда пеш мұржасын тазалаушы мен машинка басатындардың керегі жоқ екені түсінікті. Бірақ қалғандары ше? Маркетолог, заңгер, бизнес-коуч, ивент-менеджер, қаржыгер т.б толып жүр. Әлемде софт-скиллс деген түсінік пайда болды. Ол «икемді машық» дегенді білдіреді. Басқаша айтсақ, бүгін желдің бағыты өзгергенде, сен де басқа нәрсені үйренуің керек. Түрлі курстар бар. Әдетте олар көпсалалық, жылдам және ақылы. Бұл жерде ең бастысы – «жылдам» дегені. Курстан өттің, дайын мамансың. Сондықтан бізде көп саладағы мамандардың деңгейі онша емес. Түйткілдің тамыры неде дейсіз ғой?

Бізде оқу орындарында ойлауға үйретпейді. Сыни ойлауға, талдау мен түсінуге үйретпейді. Рухани жағына аз көңіл бөледі. Бүгін білімді не алмастырды? Телефон мен Википедиядағы жалпы жауаптар. Бастауыш сыныптағы кез келген оқушы телефонға қарап-ақ отыз жыл тәжірибесі бар ұстаздың алдын орап кетеді. Телефонын тартып алшы, надан болып қалады. Ертең осы надандар елді басқаруға кіріседі. Мен білім саласындағы түйткілді айтқанда, мәдениетке меңзеймін. Өйткені оларды бір-бірінен ажырата алмайсың. Бөлектеуге болмайды. Ал біздегі жағдай дәл осындай болғандықтан, мен бір жағынан білімді жабайылар мен арамзаларды, ал екінші жағынан белсенді дүмшелерді көбірек байқаймын. Әрі олар бір-бірімен орын ауыстырып, бір-бірін толықтырып отырады.

Ермек ТҰРСЫНОВ,
кинорежиссер, қоғам қайраткері

Аптаның ескертуі

Алексей ЦОЙ, *денсаулық сақтау министрі:*

Қазіргі қолданыстағы шара *(қашықтан оқыту)* уақытша амал. 15 қыркүйек пен 15 қазан аралығында екпе егу жүргізіледі. Ол тұрғындардың әлсіз тобын, әсіресе, жиі ауыратын балаларды ЖРВИ мен тұмаудың өршуінен қорғайды. Бұл біз үшін өте маңызды. Сондықтан бірінші тоқсанда қашықтан оқытуды сақтауға кеңес береміз. Әрі қарай ұжымдарда қанша науқас шығатынын зерттеп, әрі бұл мәселені үкіметаралық комиссияда қосымша қарастырамыз.

Инфографика

ТАБЫСЫНАН АЙЫРЫЛҒАН КӘСІПОРЫНДАР

(ҚАҢТАР-МАУСЫМ 2020 ЖЫЛ)

- КИНОТЕАТР **4,8 МЛРД ТЕҢГЕ**
- ФИТНЕС-КЛУБ **3,7 МЛРД ТЕҢГЕ**
- ШАШТАРАЗ ЖӘНЕ СӘН САЛОНЫ **9,1 МЛРД ТЕҢГЕ**
- ТЕАТР, ЦИРК ЖӘНЕ КОНЦЕРТ ЗАЛЫ **19 МЛРД ТЕҢГЕ**
- МУЗЕЙ **6,2 МЛРД ТЕҢГЕ**
- ОЙЫН-САУЫҚ ОРЫНДАРЫ **2,6 МЛРД ТЕҢГЕ**

(Дереккөзі: lsm.kz)

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

Дабыл

КӨКШЕГЕ КӨЗ ДӘРІГЕРІ КЕРЕК

(Басы 1-бетте)

Жаңа туған жас сәби ғана емес, есейіп келе жатқан балалардың ішіндегі көз ауруына душар болғандардың бүгінгі хәлі тіптен сұмдық. Облыс орталығындағы «Өркен» балалар бақшасында көруінде кемістігі бар 14 бала тәлім-тәрбие алады. Мүлде суқараңғы соқыр емес, әрқилы көз ақауы бар бүлдіршіндер.

Балабақшаның медбикесі Нина Каралаш «Бұрын, 1991 жылы «Аленушка» балалар бақшасында осындай екі топ

болды. Әрқайсысында 15 баладан тәлім-тәрбие алатын. Кейін біздің «Өркен» балалар бақшасына көшірілді. Өтпелі кезеңдегі қиыншылыққа төтеп бере алмай, бір топ жабылып қалды. Мұндағы жайды айтқанда, етегің жасқа толып, жылап алуға болады. Балалардың көзін тексеруге қажетті аппарат 1970 жылы шыққан. Ертеректе жарты ставкамен жұмыс істейтін көз дәрігері болған. Әрбір бейсенбі сайын келіп, балаларды тексеріп тұратын. 2008 жылы ол да қысқартылып кетті. Бірақ жалақы алмаса да, әлі күнге дейін қамқорлыққа зәру балаларға жаны ашып, қолынан келген көмегін көрсетіп тұрады. Аты-жөні – Рахия Кәрімова», – деді.

Рахия Бәйкенқызы қазір облыстық аурухананың көз аурулары бөлімшесінде жұмыс істейді. Зейнет жасына әлдеқашан жеткен. Зейнеткердің еңбектен қол үзбеуі осы саладағы дәрігерлердің жетімсіздігінен. Ол жайлы таратып айтқанда, сөз әлібі былай өрілмек. Белгіленген талапқа сәйкес, 15 000 ересек адамға, 10 000 балаға бір көз дәрігері керек екен. Көкшетау қаласында балалардың көз дәрігері біреу ғана. Ал облыстық балалар ауруханасында да, облыстық емханада да көз дәрігері жоқ.

Рахия Бәйкенқызы «Балалардың көз аурулары туа және жүре пайда болады. Бір кезде әр көшені, әр үйді аралап, балалардың жанарын қадағалаушы едік. Қазір ондай жұмыс былай тұрсын, сырқат балаларды көрсетіп, кеңес алатын да жер жоқ. Бұл өте күрделі әлеуметтік мәселе. Қалыптасқан жағдайды түзеу үшін ең алдымен кадр дайындау керек. Онсыз ештеңе де өнбейді. Жүре пайда болатын көз ауруларының бір парасы, алыстан көрмеу. Мен дәрігер ретінде ең алдымен ана мен бала денсаулығына мұқият көңіл аудару керек деп есептеймін. Аналардың уақытылы дем алуы, дұрыс тамақтануы, жүйкесінің қалыпты болуы, бәрі де әсер етеді», – деп түсіндірді.

Білім саласындағы үздіксіз жүргізіліп жатқан реформалардың да әсері бар. Мысалы, ертеректе жарты күн ғана оқытатын. Қазіргі жаңартылған бағдарламаның да әсері болуы әбден мүмкін. Ал баланың көз жанары ақаусыз болуы үшін көп нәрсе керек. Мәселен, біздің қоғамда спорт үйірмелері қолжетімді ме, балалардың жазғы демалысы қалай ұйымдастырылып жатыр? Түбін қаузап келгенде, ойластыратын дүние аз емес.

Маманның айтуына қарағанда, дәл қазір көз ауруларын емдеуге жұмсартып айтқанда, көңіл өте аз бөлінуде. Айталық, белгілі бір медициналық құрал-жабдықты сатып алу жетімсіз. Егер ол жабдықпен жұмыс істей алатын білікті маман дәрігер болмаса, оның қандай қажеттілігі бар?

Рахия Бәйкенқызы «Ата-аналар әлі күнге дейін маған келіп, өтініш айтады. Тегін көмектесемін. Балалар бақшасынан кейін бұл балалар жалпы білім беретін мектептерге барады. Өйткені Көкшетауда көзілдірік тағатын балалар оқитын мектеп жоқ. Жағдайы жеткендер Нұр-Сұлтан қаласына тіркеліп, сонда оқытуда. Ал ауыл балалары ше? Облысымыздың Бурабай, Зеренді, Шортанды аудандарында ғана бір-бірден көз дәрігерлері бар. Оның өзі ересек адамдарды қарайтын мамандар. Қазіргі талап бойынша балаларды қарайтын дәрігер, ересектерді қарайтын дәрігер арнайы сертификаттарға ие болуы керек. Қалған аудандарда бірде-бір көз дәрігері жоқ. Ертеректе диспансерлік есеп жүргізілетін. Көз ауруы бар әр бала қатаң есепте тұратын. Қадағаланатын. Қазір мұндай есеп мүлде жоқ. Көз аурулары қашаннан қоғамды алаңдатып отырған дерт. 1980 жылдардың басында облыстық көз аурулары ауруханасындағы 20 төсектік орынға 40 сырқаттан жатқызатынбыз», – деп мәселенің күрделі екенін жеткізді.

Көз ауруларын емдеу ісінің кері кетуі 1999 жылы Көкшетау облыстық көз аурулары ауруханасының экономикалық қиын жағдайға байланысты, сол кездегі ірілендіру саясатына орай жабылып қалған кезінен бастау алған. Бұл кез трахома тәрізді жұқпалы көз ауруының белең алып тұрған шағы. Жағдай солай бола тұра, қазіргі облыстық аурухананың жанынан бөлімше ғана ашылған. Балалардың көзін емдеу, міне, осы кезден бастап біржола тоқтатылған десе де болады.

Ақмола облыстық аурухананың көз аурулары бөлімшесінің меңгерушісі Берік Нұрқанов «Кез келген саладағы дәстүр сабақтастығы үзілді. Аға буын дәрігерлер облыстық ауруханаға келді. Орта буынның бірі – Нұр-Сұлтан қаласына, бірі жекеменшік ауруханаларға ауысты. Ал жаңа буынмен екі ортадағы байланыс үзіліп қалды. Менің ойымша, ең алдымен, қалыптасып отырған жағдайды түзеу үшін облыс орталығында көз аурулары ауруханасын ашуымыз керек. Диагностикалық орталық керек. Кәдімгі «жүрек орталығы» тәрізді орталық болуы керек. Міне, қараңыз, жүрек орталығында кардиология, кардихирургия, емхана, бәрі бір жерде. Ал біз, көз аурулары дәрігерлері, әр жерде шашырап отырмыз. Екінші бір мәселе, материалдық-техникалық базаны нығайтып, қажетті медициналық құрал-жабдықтарды сатып алу. Біз қазір компьютерлік томография жасай алмаймыз. Түсінікті болуы үшін айта кетейін. Мысалы, адамның басын компьютерлік томографияға түсіреді ғой. Сол тәрізді көз ауруларын анықтау үшін де компьютерлік томографияға түсіру керек. Бірақ ол бізде жоқ. Катарактаға ота жасайтын аппаратура 2000 жылы алынған. Екі рет есептен шығарып тастайтын уақыт өтті, әлі жаңартылған жоқ. Мәселен, осы орайда аса қажетті «Миллениум» аппаратын сатып алуға 23 миллион, оптикалық томография аппаратына 60 миллион теңге қажет. Лазерлік ота жасау, тіпті мүмкін емес. Одан өзге де, бүгінгі күні аса қажетті медициналық аппараттарға зәру болып отырмыз. Осындай көзқараспен қазіргі бөлімшенің өзін жауып алу қаупі туындап отыр», – деген маман Көкшедегі көз ауруының көкейкесті мәселе екенін қадап айтты.

Байкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы

Орайы келген сұхбат

Америка жазушысы Сэмюэль Голдвин: «Кинотеатрда қараңғы болса, кино өлмейді» депті. Рас, соңғы жылдары кинотеатрларда көрсетілетін отандық туындылар көбейді. Тіптен касса жағынан Голливудтың алдына сан мәрте түсіп, оны сүйіншілеп хабарлап жатты. Соған мастанып, Голдвинге «бізде кино әзірге өлмейді» деп айтқың келеді. Бірақ таяқтың екінші ұшы бар. Прокаттағы фильмдердің дені арзан күлкіге құрылған комедия. Сезімді селк еткізбейді, ой салмайды. Оны қазақ киносының ардагерлері айтып та, жазып та жүр. Былтыр ұлттық киноны қолдау мақсаты мен арнайы орталық құрылды. Неге екені белгісіз, бөлінген қаржының 90 пайыздан астамы жеке студияларға берілген деседі. Сорақысы сол, алғашқы жылы-ақ бюджеттің 90 пайыздан астамы жеке студияларға бөлініп, «Қазақфильм» тоқалдан туғандай күй кешкен. Осы орайда «Ұлттық идеологияны жүргізетін фильм керек емес пе?» деген сұрақ туындайды. Біз отандық кино саласындағы өзекті мәселелер жайында белгілі режиссер Сатыбалды Нарымбетовпен әңгіме өрбіттік.

Сатыбалды НАРЫМБЕТОВ:

«ҚАЗАҚФИЛЬМНІҢ» ХАЛІ МҮШКІЛ

Jas qazaq: Сатыбалды аға, әңгіменің «әлқиссасын» осы киноны қолдау орталығынан бастасақ. Сіз әу баста бұл орталықтағы комиссия төрағасы болдыңыз. Кейін ол қызметтен не үшін бас тарттыңыз?

С.Нарымбетов: «Киноорталық» *(ұлттық киноны қолдау орталығы – ред.)* деген айдар таққан мекеме пайда болды. Бұл үкімет тарапынан ұлттық қазақ киносын өркендету үшін бөлінетін қаржы. Сөйтіп киноорталықтағы сарапшылар комиссиясына мені сыртымнан төраға етіп сайлапты. Сосын жігіттерден «Өздерің сайладыңдар ма?» деп сұрадым. «Иә, аға, сіз Асанәліден кейінгі ақсақалдың бірісіз ғой, сізге сенеміз» дегеннен кейін мен де «жарайды» дедім. Алайда алғашқы күннен-ақ күмәндана бастадым. Түсіп жатқан сценарийлердің тоқсан пайыздан астамы – коммерциялық жобалар. Атыс-шабыс, арзан күлкі. Содан кейін ең бір ғажабы, қазір енді білмеймін, сценарий жазу оңай болып кетті ме? Американдық бір метод бар, соған салып алады да, ұрып жаза береді. Оқып қарасаң, қазақтың бір иісі жоқ. Кейіпкерінің атын Володя деп өзгертсең, Ресейде түсіруге болады. Уильям десең, Америкаға апарып түсіруге болады. Ешқандай қазаққа, ұлтқа қатысы жоқ жобалар. Тек бәрі ұр да жық төбелес, арзан күлкі. Сосын жігіттерге айттым *(күліп):* «Ақыры, сендер мені сайлаған екенсіндер, бір ауыз сөз айтайын. Естеріңе сала кетейін, киноорталық ашылған кездегі мына қаулыда «ұлттық киноны дамыту үшін, өркендету үшін бөлінген қаржы» деп тұр. Осы жағына баса көңіл бөлу керек» деп. Бәрі де бастарын шұлғып, келісімін берді. Бірақ жасырын дауыстан кейін қарасам, қаржының тоқсан пайыздан астамы, отыздан астам жеке студиялар бар ғой, соларға бөлінген. Одан кейін олардың аты-жөні де белгісіз. Екі-үшеуін ғана білемін. Солардың шығармаларына басым көпшілік дауыс берген. Содан кейін: – Жігіттер, – дедім, – бүгін қорытынды шықты ғой. Мынадай жоба, жеке студия, пәленше деген аты бар, осынша дауыс алды. Үкімет тарапынан, тағы да айтам, ұлттық киноны өркендету үшін бөлінген қаржыны біз бизнес жасау үшін, коммерция жасау үшін жұмсауымыз керек пе? Мені ақсақал деп сайлапсыңдар, алдымен «Аға, ай қарап отырсыз ба?» деп менен сұрайды, мыналардың бәрі коммерциялық жобаларға кеткен ғой. Алдымен жауап беретін мен ғой, сондықтан, мұндай жерде жұмыс істей алмаймын» деп бір ескерттім. «Жарайды, екінші питчингте көреміз» десті. Екіншісінде тағы да сондай, 200-ден астам сценарий. Әр елдің өзінің ұлттық проблемасы болады. Кейпін, бейнесін көрсететін. Содан кейін, екінші отырыста мен өз қолымнан арыз жаздым да, «Айналайындар, кешіріңдер, мынаған мен жауап бере алмаймын, бұған менің этикалық құқығым жоқ, басқаларын сайлап аларсыңдар» деп кетіп қалдым.

Jas qazaq: Бұл жерде мынадай сұрақ туындайды: 90 пайыз коммерциялық жобаларға мемлекет ақшасын бөлудің не қажеті бар? Коммерциялық фильм болғаннан кейін олардың өзінің демеушісі болуы керек емес пе? Ал «Қазақфильмде» толықметражды фильм соңғы рет қашан түсірілді?

С.Нарымбетов: Алдыңғы жылы. Соны мен де айттым. Айналайындар-ау, отыз шақты жеке киностудия бізсіз де өмір сүріп келе жатыр. Бізбен қатар өмір сүріп келе жатыр. Бізден кейін де өмір сүре береді. Біз неге оны жарылқаймыз? Алдымен, «Қазақфильмді» неге жарылқамаймыз? Бұл – Шәкен ағамыздың атындағы қарашаңырақ. Жыл сайын он шақты фильм түсіруші едік, қазір бір-ақ *(сұқ саусағын шошайтып),* біреу-ақ фильм, оның үстіне Венгриямен бірлескен «Өліара» деген туынды ғана. Қалғандары, кішігірім дебюттер, сосын деректі фильмдер. Оны телеарналардың бәрі түсіре береді. Мұның мақсатын мен кейіннен түсіндім, «Қазақфильм» киностудиясының тұрған жерін, аумағын білесіңдер. Шәкен аға кезінде адақтап жүріп, Қонаев ағамыздың алдынан өтіп, осы жерден үлкен аумақ алып, сол кісінің батасымен киностудия салды. Осы жерге сырттай «ғашық» болып, сұғын қадаған бірнеше адам болды. Жиырма жылдың ішінде үш-төрт рет жасырын «өшіру» операциясын жүргізгендей. Електен өткізіп қарасам, басты мақсат сол екен. Әйтпесе, неге «Қазақфильмге» бір-ақ туындыға қаржы бөледі? Үкімет тарапынан құрығанда 5-6 фильмге ақша құйылмаса, «Қазақфильм» банкрот болады. Өзінен-өзі. Бір-екі жыл солай ашқұрсақ ұстаса, содан кейін біздер кіре алмай қаламыз. Ол жер сосын жайланады да, бір адамдарға арзанға сатылып, ойын-сауық кешені ме, тамақтану орталығы ма, супермаркет пе, бірнәрселер сала салады. Бітті!

Jas qazaq: Бұған жауаптылар осы жағдайды біле тұра, немқұрайдылық танытып отыр ма сонда?

С.Нарымбетов: Міне, әңгіме сонда болып тұр ғой. Әйтпесе, осындай киноорталық сияқты жауапты мекемеге өзі бизнесмен адамды сайлауға бола ма? Черчилльдің «Бизнес адамын жауапты орынға тағайындамау керек. Өйткені ол келгенде алдымен мемлекетті емес, қалтасын ойлайды. Рефлекс. Содан кейін барып мемлекетті ойлайды» деген сөзі бар. Содан кейін «Қазақфильммен» екі арада кикілжің басталды. Көрермендер, оқырмандар, интернетте отыратындардың көбі түсінбейді. «Қазақфильмнің» киносы оңбай жатады, көрмейміз» дейді. Әңгіме прокаттың бөлектігінен. Кеңес одағы кезінде «Қазақфильм ағасы болса, прокат інісі еді. Ағасы киноны түсіреді, інісі прокатта көрсетеді. Жекешелендіру басталғанда мына кинотеатрлардың бәрі жеке адамдардың қолына өтті. Олар тек өздеріне тиімді коммерциямен айналыса бастады. «Қазақфильмнің» киносын ешкім көрмейді» деген сылтау айтады.

Jas qazaq: Сіз айтқан інісі ағасының басына шығып тұр ғой сонда.

С.Нарымбетов: Иә... Нью-Йоркте К.Тарантиноның фильмінің тұсаукесері өтсе, ертеңіне біздің кинотеатрларда жүріп жатты. Осылайша, оны насихаттау арқылы біз оларды қаржыландырып отырмыз. Сорақысы сол, бөтен идеологияны көрерменге сіңіреміз. Кино деген идеологиялық рупор ғой. Қазір балаларымыз ағылшынша «ок, уау» деп, жүріс-тұрысына дейін баяғы битломандар. Музыка, кино арқылы кез келген елді азғындатуға болады.

Jas qazaq: Сонда ұлттық құндылыққа негізделген фильмнің прокаттан табыс табамын деген о баста мақсаты болмауы керек пе?

С.Нарымбетов: Дұрыс. Пәлен жылдан кейін кино туралы заң қабылдатып едік. Пікірталас болды. Ұсыныс жасадық. Бірақ Парламентте бекігенде бізден ешкім барған жоқ. Есімі елге танымал киногерлер барған жоқ. Араласпады. Содан кейін көп кінәрат бар бұл заңда. Киноның қарашаңырағы «Қазақфильм» туралы бір ауыз сөз жоқ.

Jas qazaq: Осы жерде екінші мәселе бар. «Қазақфильм» идеологияны жүргізетін негізгі орталықтың бірі. Сондай мекемеге басшы тағайындаған кезде сіздер секілді киногер ардагерлермен неге ақылдаспайды?

С.Нарымбетов: Әңгіме сонда болып тұр ғой. Сырттан тағайындай салады. Талғамы төмен түсіп кеткен көрермендер баратын кино кімге керек? Көрдің, ұмыттың. Ал бізде кино түсіріп, оны көріп шыққаннан кейін жұрт «режиссер не айтқысы келді, ана бір эпизодындағы метафора не?» деп ойланса дейсің. Кейде түсінбей қалып, қайта көретіндей болса, сұрақ қоятын фильмдер түсірсек дейміз біз.

Jas qazaq: Сіздіңше, «Қазақфильмнің» құлдырауы қашан басталды? Ахуалды жақсарту үшін не істеу керек?

С.Нарымбетов: Қаржы жағынан құлдырау биыл басталды. Жаңа заңды толықтыру үшін біз

қазір комиссия құрдық. Көп ұсыныстарымыз бар. Кинотеатрлардың барлығын Франциядағыдай мемлекет қарамағына қайтару керек. Сосын әр шетелдің фильмінен түскен табыстың 10-12 пайызын ұлттық киноның дамуына жұмсаған дұрыс. Өзге елдердің бәрі солай жасап жатыр. Ресей де. Біз көбінесе 100 пайызын басқа идеологияны қаржыландыруға жұмсаймыз. Голливуд пен Еуропа фильмдеріне инвестормыз. Осы мәселені пандемия біткесін бір үстелде бас қосып, талқылап тұрып заңға кіргізбесек, «Қазақфильмге» қатер төніп тұр.

Jas qazaq: Ұлттық фильмге жаны ашитын, өзіңіз бастаған кино саласының ардагерлері жақында Президентке ашық хат жаздыңыздар. Нақты талаптарыңыз қандай?

С.Нарымбетов: Біріншіден, ұлттық киноны өркендетуге бөлінген ақшаның жеке студияларды қаржыландыруға жұмсалуына қарсымыз. Екіншіден, қазақ киносының қарашаңырағы – «Қазақфильмді» қалпына келтіру керек. Бұрынғыдай керек-жарақпен қамтамасыз ету қажет. Өйткені қаншама адам жұмыссыз қалды. Зертханамыз жұмыссыз, павильондарымыз қаңырап тұр. Жаңа технологиямен дамытылған кинокамералар, монтаж, дыбыс құрылғыларын жаңаландыру керек. Әйтпесе, 2000 жылдардағы құрылғылар тұр әлі.

Асқарбек ҚАЗАНҒАП

4 SERPIN
E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

Қамқорлық

ҚАУІПСІЗДІК МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ – БАСТЫ МІНДЕТ

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы (ҚМГ) 2019 жылғы Тұрақты даму туралы есебін жариялады. Есепке көз жүгіртсек, ұлттық компанияның еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы саясаты әрбір қызметкерді қауіпсіздік мәдениетіне баулуды көздейтінін аңғаруға болады. Компания түрлі апат пен оқыс оқиғаларға, шығын мен зардаптарға жол бермеу қағидасын басшылыққа алады. Бұл мәселеде компания ұлттық заңнамаға қоса, халықаралық және жергілікті стандарт талаптарын орындау жөнінде міндеттеме алып отыр.

Өткен жылғы қыркүйек айында Елордада Kazakhstan Energy Week-2019 *(Қазақстан энергия апталығы)* шеңберінде Халықаралық мұнай және газ қауымдастығының *(IOGP)* қолдауымен Мұнай-газ өнеркәсібі инженерлері қоғамының *(SPE)* еңбек және қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне арналған Каспий өңіріндегі тұңғыш симпозиумі өтті. ҚМГ-ның белсенді қолдауымен өткізілген симпозиум денсаулық, қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік жауапкершілік мәселелеріне арналды. «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев атап өткендей, бүгінде еңбек қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау мәселесі барлық мұнай-газ компаниялары жұмыс істейтін ортада тиімділікті арттыру, шығынды азайту, өндірістік бағдарламалардың көрсеткіші мен рентабельділікті көтеру, ұжымдық мотивация мен әлеуметтік жауапкершілікті арттыру сияқты бағыттармен ұштасып отыр. Сондай-ақ ұлттық компания цифрландыру мен автоматтандырудың артықшылығына сүйеніп, мұндай инновацияларды еңбек қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау жүйесін жетілдіру үшін пайдалану мүмкіндігін зерттеді.

Айта кеткен жөн, ҚМГ 2019 жылы «Зардапсыз оқиғалар бойынша есеп/Qorgau картасы» пилоттық жобасын іске қосты. Бұл жоба қауіпті іс-қимылды анықтап, оны түзетуді көздейді. Еңбек қауіпсіздігі сақталмаған жұмыс орындарын дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді. Ол барлық деңгейдегі қызметкерлерді қамтып, олардың алаңдаушылығын, түйткілдері мен ұсыныстарын жинақтауға қол жеткізеді. Сонымен қатар көлік қауіпсіздігі ең үздік халықаралық тәжірибеге негізделген көлік жүргізу мәдениетін қалыптастыруды, сондай-ақ заманауи цифрландыру мен жұмыс процесін автоматтандыруды көздейді. Жобаны жүзеге асыру мерзімі: 2020-2022 жылдар.

«ҚазМұнайГазда» қызметкерлердің қауіпсіздігін айтарлықтай жақсарды. 2019 жылы ҚМГ-ға қарасты компанияларда қызметкерлердің сырқаттануына байланысты еңбекке жарамсыз күндері 162 153 тәулік болса, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 54 050 күнге, яғни 24,9 пайызға аз. Өндіріспен байланысты емес өлім-жітім оқиғасы 2018 жылмен салыстырғанда былтыр 8 адамға, яғни 38 пайызға азайды.

2019 жылы Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығына *(IOGP)* кіретін халықаралық мұнай өндіруші компаниялармен бірге өнеркәсіптегі қауіпсіздік бойынша өндірістегі қамтамасыз ету еңбек жағдайы мен жұмыс орнын жақсарту сияқты қарапайым қадамнан басталады. Компания өндірістік қауіпсіздіктің ең жоғары стандарттарына лайық болуға ұмтылады. Соңғы бес жылда қауіпсіздік пен еңбекті қорғау көрсеткіштері оқыс оқиғалар кезіндегі Tier 1 Process Safety Event Rate (PSER) қауіпсіздік коэффициентіне қатысты ҚМГ бенчмаркингі орындалды.

Оқыс оқиға орын алған жағдайда жедел әрекет ету, ықтимал дағдарыстың ушығуына жол бермеу, оқиғаның зардабы мен шығын көлемін азайту мақсатында Дағдарыс жағдайларын басқару жүйесі енгізілді. ҚМГ Компаниялар тобында оқиғаға өндіріс нысаны мен еншілес компания деңгейінен ҚМГ Дағдарыс орталығына дейінгі шара қолдануды көздейтін үш сатылы стратегиялық басқару жүйесі қолданылады. 2019 жылы дағдарыс жағдайын басқаруға арналған Команданың алғашқы оқу-жаттығуы өткізілді. Сондай-ақ еншілес компаниялардың дағдарыс жағдайын басқару жүйесінде өзінің оқыту жүйесі бар. ҚМГ Компаниялар тобында түрлі қауіпсіздік шаралары бойынша әр қызметкерді оқытуға бөлінетін академиялық уақыт 17 сағатты құрайды. Оқытудың «70/20/10» үлгісімен 6 Оқу-курс комбинаты және қауіпсіздік пен еңбекті қорғау мәселелері орталығы базасында өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, сондай-ақ қауіпсіз көлік жүргізу бағытында 34 мыңнан астам қызметкер тегін оқытылды.

Сондай-ақ ҚМГ Компаниялар тобында NEBOSH халықаралық бағдарламасымен 20 қызметкер оқып, сертификат алды. Корпоративтік орталықтың 78 қызметкері еңбек қорғау, өрт қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша білім алды.

Осылайша «ҚазМұнайГаз» қауіпсіздік мәдениеті деңгейін халықаралық стандарттарға сай ұдайы көтеріп, еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау бойынша менеджмент жүйесінің тиімді қызметін қамтамасыз етуді жалғастыра береді.

Талап ТІЛЕГЕН

Жасыл экономика

Жаңғыртпалы қуат көздеріне ауысу табиғи ресурстарды сақтауға және экологиялық ахуалды жақсартуға ықпал ететіні сөзсіз. Елімізде «жасыл энергия» үлесін 2030 жылға дейін 30 пайызға жеткізу көзделген. Бұл бағытта соңғы жылдары бірнеше жоба жемісті түрде жүзеге асты. Солардың ішіндегі ауқымдысы – Қарағанды облысындағы күн электр стансалары.

КҮН КӨЗІНЕН ҚУАТ АЛҒАН

Өткен жылдың қаңтар айында Саран қаласында күн электр стансасы *(КЭС)* іске қосылған болатын. Сол кезде-ақ ол «Орталық Азиядағы ең ірі станса» деген атауға ие болды. Қазір 164 гектар аумақта орнатылған 307 мың панель күннен қуат өндіруде. SES Saran ЖШС бас директоры Евгений Гребенников: «Бұл соңғы үлгіде жасалған, жиегінде металл жақтаулары жоқ панельдер. Қыста бетін қар баспайды. Себебі күннен энергия өндіріп, генерация жүрген сәтте қар еріп кетеді. Ал жазда шаң-тозаңнан жауын тазартады. Бүгінде күн электр стансасында 16 адам жұмыс істейді», – деді.

Саран КЭС-те өндірілетін қуат еліміздің электр желісіне тікелей беріледі. Одан әрі жүйелік оператор KEGOK АҚ қажеттіліктеріне сәйкес бөледі. Саран қаласының өзі өндірілетін электр энергиясының тікелей тұтынушысы болып табылмайды. Барлық электр энергиясы KEGOK АҚ жүйелік операторының ұлттық энергетикалық желісіне беріледі. Одан әрі тұтынушыларға ұлттық диспетчерлік орталықтар арқылы таратылады. Орталық Азиядағы ең ірі күн электр стансасын салуға 140 млн доллар қаржы құйылған. Шетелдік инвесторлардың жобаны дәл осы Саран қаласында жүзеге асыруына қолайлы климаттық жағдай себеп болыпты. Айта кеткен жөн, бұл КЭС – жеке жоба. Еуропалық бірнеше компания бірлесіп оның құрылысына 137 млн доллар жұмсапты.

Өндіріс орындары көп шоғырланған Қарағанды өңірінде энергия көзі тапшы. Ал жаңа кәсіпорындар жыл сайын көбеюде. Сондықтан күн стансасы осы мәселені шешуге септігін тигізбек. Саран КЭС-нің қуаты 100 мегаватты құрайды, яғни Саран сияқты он қаланы электр энергиясымен қамтамасыз етуге жетеді. Бұлтты күні де панельдер 10-15 мВт қуат өндіре алады. Пайдалану мерзімі – 40 жыл.

Осыдан кейін көп ұзамай, былтырғы 24 сәуірде Балқаш маңындағы Гүлшат кентінде екінші күн электр стансасы іске қосылды. Ол да шетелдік инвесторлардың қаржысына салынды. Гүлшат күн электр стансасының құрылысы бір жылға жетпейтін уақытта аяқталды. 104 гектар жерде 120-дан аса күн панельдері орнатылды. Қуаты 40 МВт-ты құрайтын станса Балқаш сияқты 5 қаланы электр энергиясымен қамти алады. Жыл сайын стансада 58 млн кВт/с астам электр қуаты өндіріледі.

Гүлшат КЭС құрылысына 46 млн доллар жұмсалды. Құрылысқа 300 адам тартылса, қазір онда тұрақты түрде 20 адам жұмыс істейді.

Мұнымен де тоқтаған жоқ, жуырда Қарағанды облысында үшінші күн электр стансасы іске қосылды. Оның жобалық құны 5,6 млрд теңгені құрайды. Қуаты 26 МВт болатын күн паркі жылына 34 млн кВт/с электр энергиясын өндіруі тиіс. Мұнда 62 мың күн панелі орнатылған. Мамандардың айтуынша, осы жобаның жүзеге асуымен ауаға тарайтын көмірқышқыл газын жылына 24 мың тоннаға қысқартуға болады.

Стансаның құрылысы осы жылғы мамыр айында басталған еді. Оған 120 жергілікті жұмысшы тартылды. Қазір мұнда 7 адам тұрақты жұмыс істейді. Жоба ең үздік техникалық және халықаралық стандарттарға сай жүзеге асқан. Қазір аймақтағы үш КЭС-тің жалпы қуаты 176 МВт-ға жетті.

Осылайша Қарағанды облысы жаңғыртпалы қуат көздерін дамыту бағытында көшбасшы орынға шықты. Өйткені елде өндірілетін жасыл энергияның тең жартысы осы облыстың үлесінде.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Агроәуре

«СЫБАҒАНЫҢ» СЫЙЫ

Төрт түлікке берілетін «Сыбаға», «Құлан» сияқты әртүрлі бағдарламалармен субсидия берілген алғашқы жылдары қорасында тышқақ лағы жоқтардың өзі ебін тауып «сыбаға» алып жүрді. Қалай дейсіз бе? Біреудің қорасындағы қойын, сиырын суретке түсіріп «Пәлен қойым, түген сиырым бар. Енді осыған субсидия беріңдер, «Сыбағадан» сыбаға беріңдер» деп, орайын тапқандар екі-үш асады. Мұның бәрі кезінде айтылған, жазылған болатын.

Енді сондай пысықтар Керекуден бой көрсетті. Павлодар облысында бірнеше шаруа қожалығы Ресейден ірі қара мал сатып алу үшін «Сыбаға» бағдарламасымен мемлекеттен 233 миллион теңге көлемінде субсидия алған ғой. Алайда қаражат өз орнымен жұмсалмапты. Ақша алған, мал жоқ.

Тексеру кезінде қожалықтардың кейбірі көрші елден мал әкелмегенін анықтады. Бұл туралы қаржы министрлігінің қаржы мониторингінің баспасөз қызметі хабарлаған.

Экономикалық тергеу қызметі Мемлекет басшысының көлеңкелі экономикамен күреске қайта бағыттау тапсырмасын іске асыру үшін қаржы мониторингі комитетінің Павлодар облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті қызметкерлері «Қазына» жедел-алдын алу іс-шарасы аясында облыстық прокуратура қызметкерлерімен бірлесіп, облыстың агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне бөлінген бюджет қаражатын жымқыру дерегін анықтаған.

Субсидия алу өтініштеріне және ірі қара мал сатып алу-сату шарттарына сәйкес, 2018-2019 жылдары облыс агрокәсіпкерлері Ресей кәсіпорындарынан «Герефорд» тұқымды 1447 бас ірі қара мал сатып алып, Қазақстанға әкелген. Алайда, Ресейдің уәкілетті органдарының мәліметі бойынша, мал эскпортын Павлодардағы шаруа қожалықтары жүзеге асырмаған. Яғни мал сатып алмаған.

Қаржы министрлігі қаржы мониторингінің баспасөз қызметі таратқан хабарламада «Тінту жүргізу кезінде мөр, оның ішінде Ресейдің уәкілетті мемлекеттік мекемелерінің таңбасы, кеңсе жабдықтары, ақша, бухгалтерлік және басқа да құжаттар тәркіленді. Күдіктілерге қатысты қылмыстық кодекстің 190-бабы 4-бөліміне сәйкес іс қозғалды. Айыптылардың мүлкі тәркіленіп, 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы орындалуы мүмкін. Күдіктілер 96 млн теңгеден астам келтірілген залалды республикалық бюджетке өтеді. Тергеу амалдары жалғасуда», – делінген. Міне, олардың әуелдегі көксегені «Сыбаға» еді, сыбағаларын алды.

Мұндай жағдай былтыр ғана болған. Солтүстік Қазақстан облысында тағы осындай бір шаруа қожалығы шетелден асыл тұқымды сиыр әкелеміз деп, қарапайым мал әкелген болатын. Ол да мемлекеттің ақшасы еді. Желге ұшқан қайран қаржы. Ал баяғыда, шетелден сиыр әкелу «науқаны» басталған алғашқы жылдары ұшаққа тиелген аша мүйізділер біздің жерге түскенде, басы кеміп, тұяғы азайып қалған жоқ па? Сол жылдары қаншама асыл тұқымды сиыр шетелден келе сала ауырып, өртеп, сүйегін көміп құтылғанбыз. Шетелден жаппай сиыр тасыған сол жылдары кейбір мамандар: «Аналық малды шетелден тасудың қажеті жоқ. Шетелден бұқа әкеліп, жергілікті малды асылдандырсақ, шығын аз, қаражат көп кетпес еді» деген болатын. Бірақ оны естіген құлақ болмады. Мал өсіреміз дейміз-ау, тағы...

Жарас ШӨКЕ

КӨКЕЙКЕСТІ 5
E-mail: jasqazaq2019@mail.ru
www.jasqazaq.kz

Деректі әңгіме

АЛТЫНМЕН АРБАҒАНДАР

Көрер таңды көз ілмей атырған Гүлжан қалаға қарай құстай ұшып келеді. Кешегі ғаламтордан көргені шын ба, өтірік пе? Ойы онға, санасы санға бөлінген әйелдің аяқ-қолы дірілдеп, көлік тізгінін меңгере алар емес. Жанында бес баласы. Кішілері қам-қайғысыз ұйып жатыр, үлкен екеуі анасының мазасыз күйін бағып үнсіз, жабырқау.

– Бұл қалай болды? Олардың алаяқ болуы мүмкін емес. Шеттерінен оқыған-тоқыған зиялы кісілер. Шеттерінен орыс тілді, қаланың көзі ашық, көкірегі ояу қауымы. Олардың алаяқ болуы мүмкін емес, мүмкін емес, мүмкін емес...

Өзіне-өзі күбірлеп, бір сөзді жүз қайталап келе жатқан әйелдің дауысы кенет оқыс шығып кетсе керек, үлкен ұлы анасының жүзіне тігіліп қарасын.

– Мама, сізге не болды? Атамдардың үйінде бірнеше күн боламыз деген едіңіз. Неге асығып кеттік?

– Балам, өзім де білмеймін. Барған соң бәрі анықталады. Бір жағдай болып қалды.

– Онда машинаны ақырын айдаңызшы. Жол жаман екен. Сіз де бір түрлі боп отырсыз.

Баласының қорқынышын енді сезді ме, әлде өзін сабырға шақырды ма, Гүлжан бойын тез жинап алды. Жаңағыдай түсініксіз күбір-сыбыры да азайған. Қара жолдың қос сызығын қуалап, ұзақ үнсіздікке көшсін...

ӘШЕКЕЙДІҢ ӘЛЕГІ

Қыстың басында ұзатылған сіңлісінің тойына алтын сырға алу үшін Гүлжан Алматыдағы зергерлік дүкендердің біріне бас сұққан. Көздің жауын алатын, бірінен-бірі әдемі, бірінен-бірі қымбат мың түрлі әшекейді көріп басы айналып қалды. Сатушы қыз бұған бір әдемі сырғаны өз бағасынан бірнеше мың теңгеге арзан берді.

– Біз өз тұтынушыларымызға жеңілдік жасап тұрамыз. Одан бөлек, бізде басқа да қаржы мүмкіндіктері бар. Өзге зергерлік дүкендер сияқты алтын сатумен ғана айналыспаймыз. Біз тұтынушыларымыздың ақшасын бірнеше еселеп қайтарып береміз, – деді өзі де, шашы да алтындай сап-сары қыз. Қолды-аяққа тұрмай, жаһұт көзді, hас тасы бар жүзіктердің бірінен кейін бірін шығарып жатыр. Әйел біткеннің жылтырақ көрсе, басы айналып, көзі қарауытып қалатын әдеті. Гүлжанның да ақылы ауыса бастағандай. Көзі ойнап тұрған сатушы қыздың ығына жығыла берді, жығыла берді...

Сол күні бұл әлгі дүкеннен сіңлісіне арнап гауhар тасы бар сырға, содан кейін hас таспен көркемдеген жүзік сатып алды. Аз ақша болмағаны анық. Бірақ Гүлжанның өзінше ұттым деп отырған есебі бар. Онысы – алған затына жасалған жеңілдік болатын. Миллион теңгеге жуық әшекейді бұл тең жартысына алды. Одан бөлек, әлгі дүкенге тағы бір адам ертіп келсе, өзіне бір әшекейді өте көп жеңілдікпен алуға мүмкіндік беретін, сертификат алуға бір табан жақындайтын құжатқа ие болды. «Асығы алшысынан түсті» деген осы шығар?

Сол күні де мұның таңға дейін ұйқысы қашқан. Қуаныштан кірпік қамай алмады. Ертесі той өтті. Тойдағы сыйлықтардың ең қымбаты – Гүлжан берген әшекей. Сол жерде әйел біткеннің көзі талсын! Той жайында қалды.

– Тойдан кейін бізді де сол дүкенге алып баршы... Маған дәл осындай алтын керек еді... Мен келін алатын едім... Қыз ұзатқалы жатқан едім...

Бұған да сол керек. Бір аптаны өткізбей, әлгі жерге ақшасы бар бес әйелді ертіп барсын. Арасында өз жақындары да, құдағилары да бар. Көзі ойнақтаған сары қыз бұларды қызыл күрең шаймен қарсы алды. Шай ішіп, бойлары жылынған соң, сатушы қыз қымбат әшекейлерін бірінен кейін бірі шығарсын. Гауhардан көз салынған, жаhұттан тас орнатылған алтынның алуан түрі бар екен. Әлгі бес әйелдің ешқайсысы құрқол қайтқан жоқ. Бәрі қалтасын қағып, мойындарын жарқыратып шықты. Гүлжанға әлгілердің есебінен 500 мың теңгелік «алтын сертификат» берілді. Қағаз емес, жарқырап тұрған кәдімгі сап-сары алтын дерсіз! Қатты металдан алтын жалатып жасалған, қымбат дүние.

Сатушы қыз «Бұл сертификатпен қай қаладан болса да, ақшаңызды шешіп ала аласыз» деп шығарып салған. Ол алтын сертификатын апарып сол күні-ақ 500 мың теңгесін алды. Көк қағаз қолына тиген соң, мұның сенімі күшейді. Тіпті алтынның буы ұра бастағандай...

Ертесі өзімен бірге жұмыс істейтін, университеттің бірнеше оқытушысын ертіп барсын. Бәріне айтып, түсіндіріп қойған. Күйеуге шыққаны, шықпағаны бар – бірнеше қыз-келіншекті тартқаны үшін, мұның бұл жолғы табысы алдыңғысынан екі есе көбейсін. Тағы да «алтын сертификат». Тағы да жеңілдетілген бағамен алтын сырға.

Бизнес деген осы шығар? Гүлжанның көзі тоймай, көңілі құныға бастады. Жүрген жерінде зергерлік дүкен туралы айтатын болды. Тіпті әңгімені қалай бастап, қалай аяқтайтынына дейін әлгі сатушы сары қыздан жаттап алды. Өзі де оқыған-тоқыған, білімді әйел. Үш тілге де жүйрік. Киген киімі қымбат, мінген машинасы да арзан емес. Сол үшін де мұның сөзіне жұрт риясыз сенетін сияқты.

АЛТЫН ПИРАМИДА

– Оңай байығыңыз келе ме? Онда бізге келіңіз! – деп «әлқиссасын» бастап алады. – Біздің дүкен Украинада тіркелген. Алтын сатумен айналысатын, әлемдегі әйгілі зергерлік дүкендердің бірі. Әлемнің қырық шақты елінде, бірнеше жүз қалада дүкендер желісі бар, – деп бір тоқтайды. – Украина, Ресей, Польша сияқты Еуропаның бірнеше елінде дүкендерімізбен бірге офистеріміз орналасқан. Біраз жылдан бері жұмыс істеп келеді. Алтындардың сапасына кепілдік берілген. Құжаттары толық. Одан бөлек, тұтынушыға ақша табудың мүмкіндіктері де қарастырылған. Ондай ешбір дүкенде жоқ. Жұмыс істеу тәртібі – қаржылық пирамидаға ұқсайды. Бірақ одан қорықпаңыздар! – деп өзін үйреткен сары қыз бен украиналық жігіттің әдісімен айналасын бір шолып алады. – Қазір бүкіл әлемдегі қаржылық пирамидалардың ақша табу тәртібі бірдей. Тек олардың бәрі бірдей сенімді емес. Ал біздікі сенімді. Сенімді болатыны – біз, біріншіден, зергерлік бұйымдар сатамыз. Дүкендеріміз бар. Ешқайда қашып кетпейтініміздің кепілі. Екінші – салған ақшаларыңыз күйіп кетпейді. Алтынның бағасы қалай тұрақты болса, біздің де пирамида сондай. Өз тұтынушыларымыз бен қаржы пирамидамызға ақша салған салымшыларымызға күміс, алтын сертификаттар беріледі. Ақшаларыңызды кез келген қаладағы біздің дүкеннің кассаларынан ала аласыздар», – деп жүрген жерінде жарнамасын жасап, мақтауын асырсын.

Әйел біткеннің құлағын түріп, қалтасын қаққан әлгі дүкеннің аты да қызық, «B2B Jewelry» деп аталады. Қазақстанның бірнеше қаласынан дүкендер желісі ашылған. Гүлжанның жүрген жерінде жалпақ жұртқа жар салатын сенімді бір себебі – басқа қалалардағы сол дүкендері. Қожайындары қашып кетсе де, дүкендегі алтындары қалады деп өзін жұбататын. Адам болған соң кейбіреулер сенімсіздік білдіріп жатады. Сондайда бұл «B2B Jewelry»-дің Украинадағы және басқа елдердегі, өз еліміздің бірнеше қаласында орналасқан дүкендерін көрсетіп, жылдық, айлық табысын айтып мақтанып жүрді. Көңілінен тұрақ тапқан тағы бір себеп бар. Онысы – мұнда ақша салып, ақша алып жүргендер мен қызмет етіп жүргендердің бәрі қарапайым адамдар емес. Бәрінің жағасы таза, үй-жайы, жұмысы бар, табысты, ауқатты жандар.

«B2B JEWELRY»

Гүлжан да көпбалалы ана ретінде алатын әлеуметтік көмек ақшаға қарап отырған жан емес. Дегенмен ақша керек. Ал «B2B Jewelry» дүкендер желісі мұның бір тиынын екі тиын етіп қайтарып берді. Нақтырақ айтқанда, 104 пайызға дейін өсірген. Ондай батпан құйрық ешбір қаржы пирамидасында жоқ. Бір емес, бірнеше рет «алтын сертификат» алды. «Алтын сертификат» дегеніміз – тұтынушыларға сатып алған сертификаттың құны мен пирамидаға тартылған адамдардың санына байланысты жылына 520 пайызға дейін кепілдік беретін «алтын» және «күміс» сыйлық сертификаттары, тұтынушыларына соны сатып алу сияқты мүмкіндіктер ұсынылған. Гүлжанға өзі шақырған адамдарынан түсетін үлесі тағы бар. Осының бәрі көп оқыған, қаржылық сауаты бар әйелдің көзін тұмшалап тастапты. Тіпті жақындарының бәрін шақырды. Ақшасы жоқтарға өзі қарыз берді. Сөйтіп өз жұрты, қайын жұрты, нағашы жұрты, жұмыстағы әріптестері бар – жүзден артық адамды әлгі дүкеннің тұрақты тұтынушысына айналдырды. «Өзім кепілдік беремін» деп кеудесін ұратынды шығарды.

Бұл былтыр қыстың басында болған жағдай. Ол кезде Гүлжанның соңына тіркелген жүз шақты адамның бәрі «алтын сертификат» алған. Ешкімді құр қалдырған жоқ. «Алтын сертификаттарындағы» ақшасын да олар бір-бір рет алып үлгеріпті. Сөйтіп жүргенде, жаржиhанның мазасын қашырған індет араласпай ма? Бұлардың жұмысы карантинге байланысты уақытша тоқтап қалды. Кірем деген адамға онлайн қызмет қарастырылған. Ақшаңызды онлайн форматта саласыз. Олар онлайн сертификат көрсетеді. Бірақ әлгі 104 пайызбен өсіп-өніп жатқан ақшаны алатын кезде, бірде төтенше жағдай, бірде карантин себеп болып қалады.

– Еш уайымдамаңдар, – деді бір жолы «B2B Jewelry»-дің Алматыдағы өкілі. Украин жігітінің сөзі сенімді. Ақшасын алуға асығып отырғандардың бәрін онлайн қосып, бәрінің салған «салымы» 104 пайызбен өсіп жатқанын, тіпті бұлардың ақшасы қазір шоттарына түсіп қойғанын айтып сендірген.

«ҚҰҒЫНМЕН КЕЛГЕН СҮРГІНМЕН КЕТЕДІ»

«Шөлмек мың күн сынбайды, бір күн сынады». Қожайындары Украинада отырып басқарған әлгі алтын дүкеннің де күні таяпты. Шағым көп түскен. Оның үстіне, ақшасын салғандардың алды бірнеше он миллион теңгесінен айырылса, соңғыларының өзі бірнеше миллион теңгенің басына су құйған. Арыз-шағым қаптап кеткен соң, «B2B Jewelry»-ді тексеру басталады. Қорытынды бойынша, Алматы қалалық экономикалық тергеу департаменті зергерлік дүкеннің атын жамылған қаржы пирамидасының былығын ашты. Тінту кезінде 356 миллион теңге тәркіленген. Дүкеннің Алматыдағы өкілі және бірнеше адам тергеуге алынды. Алтынды белден қазамын деген Гүлжан сияқты қанша адам опық жеді? Бірнешеуі сол күні-ақ әлгі Украинадан келген жігіттің офисіне барып шу шығарды. Көбі шетелден келген қайдағы бір алаяқтарға алданып қалғандарына намыстанып, шындықты әлі жасырып жүр...

Гүлжанның да Алматыға құстай ұшып келе жатқан себебі сол. Ауылдағы атасы мен апасына немерелерін апарып, аунап-қунап қайтпақшы еді, ғаламтордан «алтын алаяқтары» туралы ақпаратты көзі шалып қалсын. Оқыса, өзі бір апта бұрын ғана 10 миллион теңгесін салған «B2B Jewelry»-дің былығы. Сол жерде басы айналып, көзі қарауытып бара жатқандай болған. Есін жиса, балалары қаумалап алыпты. Анадайда қайын атасы мен енесі шырылдап жүр. Қайын інісі дәрігерге қоңырау шалып жатыр. Бұл сонда ғана өзінің есінен танып қалғанын білді. Сол күні дәрігерлер бұған жүйкесін тыныштандыратын бірнеше ине салды. Сонда да 10 миллион теңгенің күйігі жанын жеп бара жатыр. Таң атқанша кірпік қамамай шыққаны содан.

Жол-жөнекей осы бизнеспен алғаш айналыса бастағанда, күйеуінің айтқан «Құғынмен келген сүргінмен кетеді» деген сөзі құлағына сап ете қалсын. «Менікі табан ет маңдай термен келмеген ақша ғой. Қалай келді, солай кетті. Ол да дұрыс шығар?» деп ойлады. Сол сәт жанын жеп келе жатқан бір мазасыз ой сап тыйылғандай, жан-дүниесі байыз тапқандай күйге ауысты. Бәсе, ол қандай батпан құйрық дейсің?!

Жарас КЕМЕЛЖАН

Аймақ

КӨПІР ҚАЙДА, КӨПІР?!

Түркістан облысының Сарыағаш ауданындағы «Алып» және «Дәулет» базарының сатушылары жергілікті билік өкілдерінің әрекетіне наразы. Сарыағаштық саудагерлер күніне 5 мың адамға дейін өтетін «Рамадан» каналындағы екі көпірдің бұзылғанына байланысты шу шығарды. Олардың айтуынша, демалыс күнін пайдаланған жауапты сала мамандары екі көпірді ешқандай ескертусіз, соттың шешімінсіз бұзып тастаған.

Бұл екі көпір төрт базардың арасын жалғап тұрған. Оның бұзылуы арба сүйреп тиын-тебен тауып жүрген азаматтарға қиындық туғызуда. Неге осы жерден күнделікті нәпақасын әзер айырып жүрген қара халыққа аса қажет көпірді бұзды екен? Әлде ол жерден дәмелі тұлғалар бар ма?

«Мемлекеттің қаржысына салынған халыққа қажет көпірді неге бұзғаны түсініксіз. Қолдарында не әкімдіктің бұйрығы жоқ, не соттың шешімі жоқ. Мемлекеттік қызметкерлер заңды белінен басып ойына келгендерін істей бере ме сонда? Карантинде қарапайым халықтың зығырданы онсыз да қайнап жүр. Айтқан сылтауы да көңілге қонымсыз. «Мектептің алдына көпір керек болып, сол үшін осы бұзып алдық», – дейді. Шолпан Тұңғышбаева есімді Сарыағаш тұрғыны «Барлық оқушылар сабақты үйінде онлайн оқып жатқанда, бұл өтіріктеріне жол болсын. Көпір бұзған оңбайды. Бұзып алған көпірді қайта орнына қойып берсін», – дейді.

Саудагерлерді ең ашындырғаны қолында билігі барлардың қарапайым халықты қайта-қайта басынатындығы. Базардағы жұрт «Дәл сол маңда судың үстіне бетонмен салынған «Стамбұл» дүкені, оның жанындағы киім-кешек контейнерлері, оның ар жағындағы дәріханаға тиіспейді. Айналып келгенде, қара халықты қинайды», – дейді.

Әкімдіктегілер бұл көпірді басқа жерге орнатпақ ниетте екендіктерін жеткізді. Сарыағаш ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі берген мәліметке сүйенсек, қала аумағында орналасқан «Рамадан» каналы «Сарыағаш ауданы су шаруашылығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының меншігінде. Аталған канал 2014-2016 жылдар арасында бетонмен қапталып, күрделі жөндеуден өткізілген. Күрделі жөндеу жұмыстары барысында Бөбек базары мен Көк базар арасындағы «Рамадан» каналына 2 көпір қойылған.

Бұл канал 2018 жылға дейін «Табиғат қорғау» ММК-нің, яғни облыстық коммуналдық меншікте болған. Каналдың су қорғау белдеуінде орналасқан заңсыз құрылыс нысандарын су қорғау белдеуінен шығару бойынша іс-шаралар атқарылып келеді. Бұл ретте, су қорғау белдеуіндегі заңсыз құрылыс нысандарының жұмысын тоқтату мақсатында жаяу адамдарға арналған өткелдері «Сарыағаш ауданы су шаруашылығы» МКК және Сарыағаш қаласы әкімі аппараты тарапынан алынған болатын.

Әкімдік берген мәліметте «Алынған көпірлерге қажеттілік аса маңызды емес, себебі сол көпірден 20 метр қашықтықта жаяу жолаушыларға арналған көпір және автожол көпірі орналасқан. Сонымен қатар Бөбек базар мен Көк базардың басты қақпалары бұл жерде емес, яғни су қорғау белдеуіне қарай ашылған, есіктер заңсыз құрылыстарды жандандырып отыр. Заңсыз құрылыс нысандары өз кезегінде орын алатын түрлі төтенше жағдайлардың алдын алуға кедергі келтіретіні белгілі», – деп жазылған.

Сондай-ақ әкімдік қызметкерлері су қорғау белдеуінде орналасқан, соттың шешімімен бұзылған құрылыс нысанының орнына басқа заңсыз құрылыс нысаны салынғанын алға тартады. Сонымен қатар каналдың су қорғау белдеуіндегі бірнеше заңсыз құрылыс нысандарын бұзу бойынша соттың шешімі шығып та қойыпты. Алдағы уақытта су қорғау белдеуіндегі заңсыз құрылыс нысандарын бұзу бойынша заң талаптары аясында тиісті жұмыс жүргізіледі екен.

Енді қос тараптың ымыраға келіп, түсінісуі үшін сол заң шеңберінде шешілген құжаттар жетпей тұр. Әйтпесе, қалың бұқара сонша дүрлікпес еді ғой. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» – мемлекеттік органдар тек азаматтардың күнделікті мәселесіне байланысты жауап қатуы тиіс деген сөз емес. Бұл, ең алдымен, билік пен қоғам арасындағы тұрақты диалог. Сарыағаш ауданындағы саудагердің шуы жергілікті билік пен халықтың арасында диалог жоқтығының көрінісі.

Мәриям АЙТБАЙ,
Түркістан облысы

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

Естелік

Адам өзінің өмір жолында жан-дүниесі мен болмысы әр түрлі жандарды жолықтырады. Солардың арасында алғаш көргендегі бейнесі мен тигізген әсерлері, өткен жылдарға қарамастан, өзгермейтін тұлғалар болады. Арада ширек ғасыр уақыт өтсе де, менің санамда адами болмысы ешбір өзгеріссіз қалған тұлғалардың бірі – Фариза Оңғарсынова апамыз.

АСЫЛ БЕЙНЕ

Фариза апамен Алматы қаласында таныстым. 1996 жылы Парламент Мәжілісіне депутат болып сайланып, Сенат депутаттарымен бірлесіп өткізілген отырыстан кейін, алдын ала тағайындалып қойған кабинеттерге жайғастық. Содан соң әріптестеріміздің қай жерде қалай орналасқанын байқайын деп коридордың бойымен кабинеттерге кіріп азаматтармен жақын танысып шықтық. Сондай сәттердің бірінде бір кабинеттің есігіндегі алтын түсті әріппен жазылған «Ф.Оңғарсынова» деген тақтайшаны көзім шалды.

Бұрындары Фариза апай туралы мінезі ауыр және кім екендігіне қарамастан, ойын бетке тура айтатын адам екендігін еститінбіз. Сол ақпар бір мезет мені де кідіртіп, ескертпей кіріп барғанымды қалай қабылдар екен деген күдігімнің болғаны рас. «Нар тәуекел» деп, бір екі рет терең демімді алып «апа, сәлем бердік» деп кіріп бардым.

Жұмыс үстелінің жанындағы орындыққа жайғасып, жаңадан сайланған Мәжіліс депутаттарының суреттері мен қысқаша өмір деректері жазылған кітапшасын оқып отыр екен. «Жоғары шық, Марат Оспановтың жерлесі, атың Төлеген ғой» деп маған тік қарап, сөзге тартты. Сол жерде танысып, елдің жағдайы туралы біраз әңгіме-дүкен құрып, кабинеттерімізге қайтып бардық. Міне, осы сәттен бастап ол кісі мені өзінің жақын інісіндей көріп, талай отбасымызда болған жақсылықтарымыз бен қиналған сәттерде бірге болды.

Қазақстан Республикасының Парламентінде өткізген төрт жылдың ішінде елдің талай тіршілігіне оң әсер ететін, кейбір жағдайларда сол кездегі халықтың берген бағалары бойынша оң ықпалын тигізетін шешімдердің басы-қасында болып, ол мәселелердің заң болып қабылдануына менің де Ақтөбе өңірінен сайланған депутат ретінде үлесімнің бар екендігін атап кеткім келеді. Осындай сәттердің бірінде 1998 жылдың қаңтар айында ел Президентін сайлау науқаны ойдағыдай өтіп, әдеттегідей келіп түскен заң жобаларын талқылап, қорытынды жасау үшін жұмыс топтарындағы қызметімізге кіріскен болатынбыз.

Аяқ астынан «Депутаттарды Мәжіліс төрағасы Марат Оспанов мырза шықырып жатыр» деген жедел хабар жетті. Залға жиналдық. Ойымызда ештеңе жоқ. «Бұл азамат шұғыл түрде неге жинап жатыр?» екен деген сұрақ әрбір депутаттың көкейінде тұрғаны айтпаса да байқалып тұрды. Жиналыс басталған бойда төраға сөз алып, ертең біздің отырысымызға жаңадан сайланған Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев келетіні туралы мәлімдеді. Сөз арасында регламентке сай Мәжілістің алдында өтетін депутаттық сауалдарды жасамау және Елбасына сұрақ қоймау туралы өтінішін білдіріп, кешкісін Президенттің сайлануына байланысты ресми банкеттік қабылдау болатыны туралы хабарды жеткізді.

Қатысқан әріптестеріміздің көбі айтылған мәселелерді қабыл алып, сол жерде төрағаның өтініші орындалатыны туралы келісімге келдік. Ертеңіне белгіленген уақытта барлығымыз бірлескен отырыс залына жиналып, мінбеге Президент Н.Назарбаев шықты. Ол сайлау науқанында депутаттық корпус тарапынан көрсетілген қолдау мен көмек үшін өзінің жүрекжарды алғысын білдіріп, сол жерде отырған бәрімізге еліміздің даму жолындағы еңбектерімізге табыс тілеп, кеште болатын қабылдауына шақыратыны туралы ресми тұрғыдан жеткізді.

Президент төрдегі орнына отырған соң, М.Оспанов мырза алдындағы микрофонын қосып, Елбасына Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші шақырылымның депутаттары атынан бүгінгі отырысқа келіп, өз алғыс сөздерін білдіргені үшін рахметін жеткізді. Мәжілістің жұмыс регламентінің талабына сәйкес «Депутаттар тарапынан сұрақтар бар ма?» деп сұрады. «Сұрақтар жоқ болатын болса» дей бергенде, аты-жөніміз жазылатын төрдегі үлкен телеэкранда Ф.Оңғарсынова деген фамилия жарқ ете қалды. Төраға: «Сұрақтар жоқ болатын болса, бірлескен отырысымызды жабық деп жариялаймын», – дегені сол еді, Фариза апамыз орнынан түрегеліп, қолын көтеріп: «Менің микрофонымды қосыңыз!» деді. М.Оспанов мырзаның сасқалақтап: «Фариза апа, Сіз не айтқыңыз келіп тұр?» деген сұрағына апамыз: «Не айтатынымда не шаруаң бар? Президентке айтар сауалдарым бар, микрофонды қос немесе мінбеге шығамын», – деп дауысын көтере сөйледі.

Микрофон амалсыздан қосылды. Өз сөзінде апамыз Президентті кезекті сайлауда жеңіске жетуіне байланысты құттықтап, енді алдағы уақыттағы қызметте ескерілетін үш сауалым бар деп өз сөзін былай жалғастырды:

– Қазіргі кезде мемлекеттік қызметте қыз балалар мен әйел азаматшалар жоқ деп баспасөз беттерінде жазылып та, айтылып та келе жатқанына бірнеше жылдың жүзі болды. Талдап қарайтын болсақ, шынында да, шешілмей келе жатқан өзекті мәселелердің бірі екендігі, Үкіметтің құрамына көз жүгірткеннің өзі-ақ дәлелдеп береді. Бірінші сұрағым – осы мәселені оң шешуде қолбайлау болып жүрген кім?

Екінші сұрағым. Қазіргі Үкіметтің құрамында бала-бажыр көбейіп кетті. Кеше ғана Америка еліндегі Бостон университетін үздік бітірді деп, бірде-бір күн кәсіпорындарда қызмет жасамаған, бел ауыртып жұмыс істеу дегеннің не екенін білмейтін, аузындағы уызы кеппеген жас балаларды үкіметтің құрамына енгізу, оларға басқа да атқарушы билік органдарды басқартып қою үлкен үрдіс алып бара жатқанын байқаудамыз.

Қазіргі жастардың білімділігіне ешқандай күмән жоқ. Бірақ олар Астанада отырып алып, жергілікті жердегі өнеркәсіпті қалай басқарады және оларға тиімді жұмыс жасау үшін қандай нұсқау бере алады? Менің ойымша, жоғарыда айтылған мемлекеттік лауазымды қызметке оларды алар алдында, мысалдап айтқанда, анау отырған Мәжіліс депутаты Әшімжан Ахметов бұрын қызмет жасаған Жамбылдағы фосфор өндіретін зауытқа екі-үш жылға жұмысқа жіберіп алып, сол қирап жатқан зауыттың жұмысын өнімді жолға қойса, зауыт қызметкерлерінің әлеуметтік мәселелерін ойдағыдай шешсе, содан кейін барып республика деңгейіндегі қызметтерге ұсыныстар түссе, өз қара басым ондай жас мамандарды қолдап, екі қолымды көтерер едім. Менің айтарым, алдағы уақытта Үкімет құрамына тек қана теориясы емес, практикалық терең дайындығы бар азаматтарды баулуымыз керек. Осы қағидатты ұстанатын болсақ, біздер еліміздің жағдайын алға бастыра аламыз.

Үшінші көтерейін деген мәселем мынау: Құрметті Президент мырза! Президент Әкімшілігінде кездейсоқ қызметкерлер көбейіп бара жатқандығын байқаймыз. Олардың да құрамын анда-санда жаңа көзқарастағы білгір, сенімді мамандармен ауыстырып тұрғанды жөн деп санаймын. Олар кім дейтін болсақ, міне, мынау залда жүзге жуық Мәжіліс депутаттары отыр. Әрбіреуі кем дегенде жүз елу мыңнан астам сайлаушыларының аманатын арқалап, абыроймен еңбек жасап жүрген кәсіби мамандар.

Бұл азаматтардың жоғарыда сынға алынған қызметкерлерден, кәсіби дайындықтары артық болмаса, кем түспейтіндігіне менің сенімім мол. Олай болса, алдағы уақытта сіздің жаныңызда осы ортадан азаматтардың болатындығына үміттімін, – деп Фариза апамыз өз сөзін аяқтап, микрофонын өшірді.

Залда отырғандардың қимылы байқалмайды, қаңғалақтап ұшып жүрген шыбынның ызыңы естілуде. Залда тым-тырыс тыныштық орнап, барлығымыз не болар екен деп президиумға қарап қалдық. Көп ұзамай Президент микрофонын қосып: – Фәке, айтылған мәселелердің барлығы орынды, алдағы жұмыста Сіздің көтерген сұрақтарыңызды ескереміз, – деп қысқа қайырды.

Сол салиқалы отырыстан кейін көп ұзамай, Зағипа Балиева бастаған төрт-бес азаматша Үкімет құрамына енгізіліп, енді үш-төртеуі мемлекет деңгейіндегі лауазымды қызметтерге тағайындалды. Сөйтіп, апамыздың айтқан бір ғана сөзі көптеген азаматшалардың қызмет бабында көтерілуіне түртпек болып, олардың жауапты қызметтерге тағайындалуына осылайша септігін тигізді. Қазіргі кезде мемлекет қызметіндегі бар жағдайды сол кездермен салыстырып қарасақ, әйел азаматшалардың саны мемлекеттік қызметте ерлерден асып түспесе, кем емес екендігін байқау қиын емес.

Үлкен мінбеден лауазымды азаматтар тарапынан айтылған ұлағатты сөздер сол кездегі баспасөз беттерінің біреуінде жария етілмегендігі және әріптестерім бірде-бір сөз қылмағандығына қайран қаламын. «Неге?» деген сұрақ осы күнге дейін мені мазалайды.

Осы жерде халық ақыны Фариза Оңғарсынова апаймен араласып туысқандық байланыста болғандығымыздың бір тарихы бар көрініске тоқталып кеткенді жөн көріп тұрмын.

1998 жылдың күз айында әдеттегідей ертеңіне болатын Мәжілістің жалпы отырысының күн тәртібін қарап шықтым. Үкіметтің депутаттарға қабылдауға ұсынған кейбір заң жобалары бойынша отырыста талқылау барысында сөз сөйлеймін деп жоспарлап, айтар ойымды қағазға түсіріп жатқанмын. Баяндамамды жазу барысында пайдаланған әдебиеттерді жинастырып, жардағы сағатқа қарасам, түнгі 12-ден ауған мезгіл болып қалыпты. Жатар төсегіме жете бергенде, үйдегі телефон шыр ете түсті. Телефон тұтқасын алғанымда, арғы жағынан: «Алло, бұл Төлегеннің үйі ме?» деген әйел адамның дауысы естілді. Сол бойда Фариза апай екенін біліп: «Апа, мен ғой, Төлегенмін» деген бойда: «Ай, Төлеген, сен не істеп жатырсың?» деген сұрақты қойып, мені біршама састырды. «Апа, ұйықтағалы жатырмын» деп едім, «Ой, пәлі, сен мынау жасыңда ұйқышыл екенсің, апаң болса ертеңгі 60 жасқа толуына байланысты шешілуге тиісті шаралармен ақ тер, көк тер болып айналасуда, інілерім болса, ұйқыға дайындалып жатыр», – деп мені бір түйреп қойды.

«Апа, жұмыстың соңында тойыңызды ұйымдастыратын комитеттің отырысы болып, барлық мәселелер өз шешімін тапты деген хабар естіген соң, үй-үйімізге тарқастық. Аяқ астынан туындаған ол қандай мәселелер?», – деп мен де Фариза апама қайыра сұрақ қойдым. Ол: «Салтанат сарайында болатын мерекелік салтанат кешін Иманғали інім асаба болып басқарады деген шешімге келгенбіз. Жаңа бір мезгілде Имаш телефон шалып, Ел Президентінің шұғыл тапсырмасымен жолсапарға кетуіне байланысты жүктелген қызметті атқара алмайтынын жеткізді», – дей келе, хабарды естіген бойда маған шұғыл телефон шалып тұрғанының себебін осылайша түсіндірді.

Әдетте той басқарудың көптеген қыр-сырлары болатыны жасырын емес. Сол сәтте соның барлығын ой елегінен өткізе келе, сасқалақтап, той басқара алатын азаматтардың есімін атай жөнеліп едім, Фариза апам мені тоқтатты да: «Төлеген, 500 адам қатысатын тойды басқару оңай емес екенін білемін, ол шараның абыройлы өтуіне сол ортаны білетін, мен үшін жаны ашитын адам болуға тиісті деп санай келе, сен сол тойды басқарады деген шешім қабылдадым, ал соған дайын бол!» – деді. «Апа, менен де асқан сөзге шешен, дайындығы мол асабалар бар ғой, бір түнде ондай ауқымды шараға жан-жақты дайындалу мүмкін емес қой», – деп айта бергенімде, апам телефонның тұтқасын қоя салды. Ал керек болса?! Қайтадан апайдың үйіндегі нөмеріне және қалта телефонына қоңырау шалсам, көтермеді. Содан не істерімді білмей, біраз уақыт өз-өзіме келе алмай, бөлмемдегі кітапханамның кітаптарына ұмтылдым. Ондағы ойым – Фариза апайдың өлең жинақтарын алып оқып, соның негізінде шамамен өзім білетін, ертеңгі кеште сөз сөйлейтін қонақтарға лайықты өлең шумақтарын іздеп, олардың аттарын атаған кезде пайдалансам деп едім.

«Адам баласы керек кезінде тауды да қопара алады» деген нақыл сөздің растығына сол тәулікте куә болдым. Олай дейтін себебім, 150 беттік Фариза апайдың «Қыз ғұмыр» атты өлең жинағын бір түнде оқып, тек оқып қана қоймай, әр керек шумақтарын талдап, қойын кітапшама жазып шыққаныма әлі күнге дейін сенбеймін.

Ертеңіне Астанадағы Салтанат сарайында 500-ден астам адам жиналған мерекелік кешті әріптесім, бірінші шақырылымның депутаты болған Мырзакелді Кемел деген азаматпен бірге абыроймен өткізіп шықтық. Міне, апамыздың бізге деген сенімінің мол екеніне куә болып, болған жағдайды достарымыздың ортасында жиі мақтана айтып жүремін. Олай дейтін себебім, небір дүлдүл азаматтардың халық ақынының мерейлі мерейтойын өткізуге қолдары жетпегенде, мұндай бақыттың біздің пешенемізге жазылғаны мен үшін үлкен мәртебе.

Тағы бір Фариза апаға қатысты сәтті осы жерде атап өтуді және оқырмандардың есіне жеткізуді жөн көрдім. Шамамен 1999 жылдың жаз айларында Ақтөбе қаласына Ф.Оңғарсынова келіп, өзінің оқырмандарымен бірнеше кездесулер өткізеді екен деген хабарлама таратылды. Сол кездесулердің бірінде көпшіліктің арасынан айтыс ақыны, сөз шебері деп ұйымдастырушылар менің анам Ақжан Нұрпейісованы мінбеге қала тұрғындарының атынан сөз айтуға шақырыпты. Талай ақындық жолындағы сөз тартыстарында басынан өткерген және суырып салудың тәсілін игерген Ақжан анам құттықтай келе, Ф.Оңғарсыновға арнаған өлең шумақтарын сол салиқалы кездесуде айтып берген екен.

* * *

Зырылдап өтіп жатқан уақыт. 2014 жылдың 24 қаңтарында халықтың және ақындардың арасында сөз падишасы атанған Фариза апамыздың жүрегі тоқтады деген хабарды естігенімізде сенер-сенбесімізді біле алмадық. Қабырғамыз қайысып, аза тұттық. Сұм ажал 75 жасқа қараған шағында бір туар, ер тұлғалы азамат апамызды ортамыздан алып кетті. Үш күн ұдайы үйінде болып, жерлеуіне байланысты шаралардың ұйымдастыруына қатыстым. Қаңтардың 27-ші жұлдызында «Көрме» атты кешенде 5000-ға жуық сол кездегі Астана қаласы тұрғындарының қатысуымен болған қоштасу рәсімінен кейін Қабанбай батыр кесенесі орналасқан Астанадан 30 шақырым жердегі жаңадан белгіленген пантеонда жерленді.

Фариза Оңғарсынова апамыздың 60 жасқа толған мерекелік салтанатты кешіндегі көрініс.

Апаның қазасына байланысты берілген садақасында бірнеше қоғам және мемлекет қайраткерлері көңіл айтып, сөз сөйледі. Айтылған ойлардың ішіндегі есте қалғаны Қазақстан Республикасының Халық әртісі Асанәлі Әшімов ағамыздың сөзі болды. Ол: «Қайтыс болған адамдарға байланысты талай жерлеу рәсімдерін көргенмін. Соның ішінде дәл осындай құрметті екінші рет көріп, куәсі болып отырмын. Біріншісі – Мұхтар Әуезовтің қоштасу рәсімі болса, екіншісі – Фариза Оңғарсынованы соңғы сапарға шығарып салу рәсімі», – деп Астана қаласы басшыларының басқаруымен өткізілген рәсімге үлкен баға берді. Соның ішінде менің де аз-кем үлесім бар болғанына шүкіршілік етемін.

Ардақты да аяулы Фариза апамыздың менің көз алдымдағы тұлғасы сол баяғы, осыдан жиырма бес жыл бұрын алғаш көрген жарқын асыл бейнесі сол қалпында сақталып қалды және алдағы уақыттарда да қала бермек.

Төлеген ҚУАНЫШЕВ,
ҚР Парламенті Мәжілісі 1-шақырылымының депутаты, педагогика ғылымының кандидаты, профессор

Ер есімі – ел есінде

Адам бойына бітетін неше алуан жақсы қасиеттердің ішіндегі сұлуы мен асылының бірі ерлік қой. Ер жолымен өткен елдердің тарихынан сұлу тарих жоқ шығар, сірә. Елін «ер екен» дегізіп өткен ұлдарды елі де ұмытпай емірене еске алады. Өйткені олар елдің намысын өз өмірінің ең зор әміршісі деп танып, еліне қатер төнгенде қалқан болар қолбасшысы, тарыққанда дем берер қолдаушысы, жол сілтер ақылгөйі бола білді. Елдің белін көтеретін ер ұл туған аталық пен аналық қандай бақытты. Ер серігі болған жар қандай сұлу десеңізші. «Қорлық өмірге көнгенше, қаһармандық жолындағы өлімді таңдармын» дейтін батыр тұлға қандай мағыналы десеңізші. Өзіміз әңгіме арқауына айналдырғалы отырған Әжібай батыр осындай аяулы жан болған.

«ЕР ӘЖІБАЙ» ДАСТАНЫ

және бабалар тарихы

Ер Әжібай жайлы халық аузында жүрген некен-саяқ әңгімелер болмаса, оның тарихи болмысын айқындайтын деректер аз. Дегенмен де ол туралы ел жадындағы жыр-дастандардан Әжібайдың заманының мықтысы, дүлдүл батыры, ақыл иесі, өз дұшпаны мен жауларын күшпен де, ақылмен де жеңе білген тарихи тұлға екені анық аңғарылады. Міне, осындай мәліметтерде батырдың өмірбаяны, кімдермен замандас болғаны, қандай ерлік жасағаны, тағы да басқа деректер там-тұмдап айтылады.

Олардан аңғаратынымыз, Әжібай Найманбайұлы *(шамамен 1699-1778 жж.)* – батыр. Албан тайпасының қызылбөрік руынан шыққан *(Қызылбөрік – Есен – Еламан – Найманбай – Әжібай)*. Жетісудың Таутүрген мен Таушелек өңірлерінде (қазіргі Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданы) өмір сүрген. Әжібай Өтеген, Хангелді, Райымбек, Тауасар, Есбол батырлармен тізе қосып, Жетісуды жаудан тазарту жолындағы шайқастарда ерлік көрсеткен. Есімі қызылбөрік руының ұранына айналған. Құба қалмақтар жөңкіле қашқан кезде Әжібай батыр Сарыарқаға, Қаратауға, Түлкібас пен Қазығұртқа бытырай ауып кеткен ұлы жүз қазақтарын атамекені – Алатауға қайта жинап, мал шаруашылығымен, егіншілікпен, бау-бақша егумен айналысуға жөн сілтеп, жол көрсеткен. Түрген өзенінен тоған салдырып, ұзындығы 15 шақырымдай арық қаздырған. «Әжібай тоғаны» аталған сол арна осы кезге дейін ел кәдесіне жарап келеді. Шоқан Уәлиханов ұлы жүз туралы мақаласында

2000 жылы жарық көрген «Қызылбөрік Найманбайдың төрт арысы» деген шежіреде төмендегідей түсініктеме беріліпті: «1992 жылы Алаштың баласына белгілі, қасиетті Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Йассауидің *(Әзірет Сұлтанның)* кесенесін жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары басталған болатын. Осыған байланысты қазба жұмыстары жүргізілген кезде ішіне жерленген бабаларымыздың сүйектері мен есімдері жазылған көптеген құлпытастар шықты. Олар халқымыздың жақсы мен жайсаңдарының, яғни хандарымыз бен елі мен жерін жаудан қорғаған батырларымыздың құлпытастары еді. Сол құлпытастарда жазылған құрметті есімдердің бірі – Әжібай ата болатын. Онда ап-анық етіп, мұнда «Әжібай батыр» жерленген деп жазылған. Қазба

Әжібай батырдың баласы Бердіқожаның, немересі Қожамқұлдың, шөбересі Атамқұлдың би болғанын жазады. Батыр өмірі Әбзейіт Мәлікеұлының «Ер Әжібай» деректі дастанына арқау болған.

Ел аузында Әжібай батыр туралы аңыз бар. Соның бір парасы «Бабалар сөзі» жинағында кездеседі. Қазақтар қалмақтарды Аяққалқанға түріп тастап, әскерін алып қайтып, Шелекке келіп тоқтапты. Қол бастаған батырлардың қатарында Жалайыр Ескелді, Балпық, Дулат Шеруке, Өтеген, Сегізсарыдан Биеке батыр, Қаракерей Қабанбай батыр, Алжан Райымбек батырлар болады. Өткелдің аузында әскерін тоқтатып қойып, елдің алдын шегереді. Үлкендері Шеруке сол түні түс көреді. Таңда Шеруке: «Мен түнде түс көрдім, Райымбектің басында екі шамшырақ жанып тұр екен. Біздің болашағымызды сол болжасын», – дейді.

Райымбек: «Алланың көзіме көрсеткенін айтайын ба, әлде Алланың аузыма салғанын айтайын ба?» – депті.

Шеруке: «Алланың аузына салғанын айт», – дейді.

Райымбек: «Ата, бізге енді қалмақ шаппайды. Бірақ Сіз дүниеден озғаннан кейін, тәніңіз көрден алынады, – дейді.

– Қабанбай аға, Сіздің атыңызды «Қабан» қойды елің. Көріңіз үш күннен кейін шулайды, тәніңізді ұрпағыңыз таппайды. Өтеген, Сіз ұлы жүздің басы қосылған ұлы тойда менің есімімді ұранға айналдырасыз. Сол тойдағы бәйгеге алты ат қосасыз. Алтауына алты бала мінгізесіз. Мінгендерге: «Айт, Бозымның баласына «Әлмерек» деп, Алжан, Сегізсарының баласына «Райымбек» деп, Қызылбөрік, Қоңырбөрік балаларына «Әжібай» деп ұрандап шап!» дейсіз. Содан алтауы Сіздің айтуыңыз бойынша ұрандап шабады. Алтауы да бәйгеден келеді. Сол қуаныштан сіздің жүрегіңіз жарылып, бақи дүниеге аттанып кетесіз». Райымбек батырдың айтқаны келіп, осы дүбірлі тойда үш жүздің баласы жолды Ұлы жүзге, Ұлы жүз Албанға, Албан балалары Алжанға берген екен. Сол күннен бастап Айт, Бозымның ұраны – «Әлмерек», Алжан, Сегізсарының ұраны – «Райымбек», Қызылбөріктің ұраны «Әжібай» болыпты.

жұмыстары кезінде жинастырылып алынған ата-бабаларымыздың сүйектері Әзірет Сұлтан кесенесіндегі кіші Ақсарайдың ішіне 1999 жылы 3 маусым күні құран оқылып, қайта жерленді».

Әбзейіт Мәлікеұлының «Ер Әжібай» деп аталатын жыры Орталық ғылыми кітапхананың сирек қолжазбалар қорынан алынған тарихи құжат. Қазақ тарихында Өтеген батыр өмірі ғалымдар Ә.Ділебаев пен Е.Ысмайловтардың назарына ілігіп, 1946 жылғы Алматыда жарық көрген «Ақындар» атты еңбекте айтылады. Алғашқылардың бірі болып тарихшы Әбілқасым Ділебаев Өтеген батыр туралы тарихи деректер жинағанда Орталық ғылыми кітапхананың сирек қолжазбалар қорының 833-бумасынан «Өтегеннің қалыңсыз қыз беруі» туралы аңызды жариялағанда Әжібай батыр туралы осы жырдағы жайттарға тоқталады. Кейінірек, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бұл жыр дастанды 1994 жылы Айзада Сейітқызы «Өтеген батыр» атты жинаққа енгізген.

Әбзейіт Мәлікеұлы тікелей Өтеген батырдың ұрпағы бола отырып, «Ер Әжібайдың» тұлғалық портретін жасауда шынайы объективтілік танытып, Әжібай батырдың қадір-қасиеттеріне ерекше көңіл бөледі және оқиғаны ерекше қызықты етіп баяндайды. Бұл жыр негізінен ел аузынан жиналған аңыз әңгімелердің негізінде жазылған. Кейіпкерлер мен оқиғалар, жер-су аттары нақты көрсетілген. Бұл жыр тарихи дерек пен шежірелік мәнге ие, көптеген тарихи жырлардан шынайылығымен ерекшеленген ғылыми-танымдық шығарма.

Әбзейіт Мәлікеұлы *(Абдолзейіт)* 1898 жылы дүниеге келген. Туған жері Алматы облысы Іле ауданы Фрунзе ауылы. Ауыл молдасынан хат танып, Бұқара, Уфа, Қазан қалаларында діни оқуларда оқыған. Шығыс классиктерінің еңбектерімен сусындап, араб, парсы, шағатай тілдерін меңгерген. Діни білім беріп, ұстаздықпен айналысқан. Кеңес үкіметі тұсында Ұлы Отан соғысына қатысып, Вязьма түбінде ауыр жарақаттанып, ауылына келіп, өмірінің соңына шейін агроном, бригадир, пошта тасушы сияқты қызметтермен айналысқан. 1971 жылы өмірден өткен.

1997 жылы «Журналист» баспасынан белгілі меценат, медицина ғылымдарының докторы, профессор Кеңесбай Үшбаевтың қолдауымен, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне қарасты Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Кеңес Нұрпейісұлының алғы сөзімен, зерттеуші ғалым-филолог, филология ғылымдарының кандидаты Тоқтар Әлібек құрастырған «Ер Әжібай» атты 4,9 шартты баспа табақ көлеміндегі кітап жарық көрді. Ол батырдың тұлғасын зерттеуге деген қызығушылықты одан әрі арттырып, қалың жұртшылықтың да, тарихшы ғалымдардың да назарын аударды.

Әбзейіт Мәлікеұлының аты ұранға айналған Әжібай батырдың бейнесін сомдауға арналған бұл көлемді дастан арқылы оқырман біраз деректерге қанығады деген ойдамыз. Жырдың жалпы мазмұнынан Әжібайдың Албан тайпасынан шыққан батыр екенін білуге болады. Ұзақ жырды Әбзейіт Мәлікеұлы өзін халыққа таныстырудан бастап, былай деп толғайды:

Қолына қалам алды Әбзейіт ақын,
Жазбақ боп батырлардың хикаятын.
Артымда өзім өлсем, сөзім қалсын,
Аппақ боп қартайдым ғой, уақыт жақын.
Кетемін қалам алсам қызыңқырап,
Тастаймын қол тигенде жазыңқырап.
Баяғы жастық өнер қайда кеткен,
Кәрілік әр нәрседен қылды жырақ.
Ақсақал, қаламыңды қолыңа алшы,
Азырақ өлең жазып көңіл аршы.
Заулаушы ең қалам алсаң бәйге атындай,
Жүйріктей шабатұғын тимей қамшы.
Шал болдың, арт жағыңа сөз қалдыршы,
Оқушым, сөздеріме құлақ салшы, – дей келіп, Әжібай батыр жөнінде әңгімеге кірісіп, оның туып-өскен елі, туған жерді қалмақтардан азат еткен ерлігі туралы шабыттана жырлайды.

Бір ата Ұлы жүзден Албан елі,
Шығыпты бұл Албаннан талай сері,
Қалмақтың жау кезінде көп алысқан,
Өтіпті Әжібай деген ердің бірі.
Албаннан бұл Әжібай батыр шыққан,
Өзімен алысқанның бәрін жыққан.
Шабысып қалмақпенен өмір бойы,
Ақыры Алатаудан айдап шыққан, – дей келіп, жауына қырғидай тиген Әжібайдың махаббатқа келгенде жолы болмағанын жырға қосады.

Ол заманда қазақтың бағзыдан келе жатқан дәстүрі бойынша ат жалын тартып мінген жігіттің бала кезінде атастырылған қалыңдығын көруге баратын әдеті бойынша, болашақ жарын көруге аттанған Әжібайдың жолы болмайды. Талай жігіттің арманына айналған Тұмарша сұлуға Әжібайдың жаугершілік заманның ізі қалған бет әлпетіндегі кедір-бұдыр жарақат іздері ұнамай, көзіне ұсқынсыз болып көрінген болашақ күйеуінен ат-тонын ала қашады. Тұмарша сұлу тарапынан мұндай келеңсіз жағдайды күтпеген Әжібай батыр бұл қорлыққа көнбей, қайта айналып келіп, ауылды шауып, қалыңдығын тартып әкетуге белді бекем байлайды. Әжібайдың осы әрекеті жырда былай бейнеленеді:

Ауылына Ескененің бұлар келді.
Сабылтып ат терлетіп, бұлар жеткен,
Батырлар жүрген жерге үкім еткен.
Ауылына Ескененің бұлар келсе,
Қалмақтар тас-талқан қып шауып кеткен.
Малдарын түк тастамай шауып алған,
Тимеген адамына, аман қалған.
Жау шауып, тас-талқан боп жатқанында,
Батырлар жау іздеген жетіп келген.

Міне, осы арада Әжібайдың жүрек жұтқан батырлығы тағы да жарқырай көрінеді. Ол:

Қалмақта батыр болған Зона деген,
Ешкім қарсы келмеген Зонаменен.
Әлемге батырлығы мәшһүр болып,
Көп палуанды жолдас қылған ажалменен.
Қарулы, батырлығы жаннан асқан,
Өлмей қалған батыр жоқ қарсыласқан.
Қазақ-қырғыз, қалмаққа аты мәшһүр,
Атақты Зона атанған бала жастан.
Бұларды шауып кеткен Зона батыр,
Түк қоймай жылқыны апты таспа-тақыр,
– деп жырға қосылған қалмақ батырымен жекпе-жекке шығып, басын алады. Бұл көрініс жырда былай бейнеленеді:

Зонаға Әжібай ер қарсы барды,
Өтеген мұны көріп қайта айналды.
Екі дәу бір-бірімен қарсыласып,
Аямай бір-біріне найза салды.
Шанышты бірін-бірі аямастан,
Бірі – кеуде, біреуі шаншып бастан.
Зонаның жүрегіне кірді найза,
Мұнан соң Әжібайдың күші асқан.
Кеп қалды Өтеген де айбалта алып,
Желкеден ер қалмақты кетті салып.
Кеудеден найза кіріп, балта тиіп,
Құлады сонда Зона естен танып.

Кейін Әжібай Тұмаршаның әу бастағы қылығына ренжіп, қалмақпен болған осы шайқаста қолға түскен Дина атты тұтқын қызға үйленеді. Ал Тұмарша болса, түптің түбінде батырға тұрмысқа шығады.

Жалпы ел аузынан жиналған деректерге құрылған жырдың өн бойынан жаугершілік заманның исі аңқиды. Бүгінгі көзқарас тұрғысынан қарағанда, қалмақты жеңіп, бір емес, екі рет үйленген Әжібай батырдың арманы жоқ сияқты болып көрінуі де мүмкін. Алайда оқиға біз ойлағандай мамыражай көңіл-күйде аяқталмайды. Ер Әжібай мұнан кейін де қалмақтармен болған талай соғыстарға қатысып, талай ерліктер жасайды. Соғыс кезінде қалмақтарға тұтқынға түсіп, небір құқайларды басынан өткізеді. Сонда да еш уақытта жаудан беті қайтпай, үнемі арыстандай ақырып, қалың шайқастың ортасында жүреді. Мұндай оқиғалардың бірі дастанда былайша суреттеледі:

Ақырып Әжібай да шыға келді,
Қалмаққа көрсетем деп қиын істі.
Батырлар қалмақтардың атын алып,
Қор болды қалың қалмақ жаяу қалып.
Өтеген алдыменен құла атты ұстап,
Әкелді Әжібайдың алдына алып.
Ақырып мінді Әжібай құла атқа,
Иіріп алды жауды өңкей датқа.
«Малдарын қолға түскен тастама, – деп,
Айқайлап айтты Әжібай қазақ жаққа.
Айдаңдар бар жылқыны жолға салып,
Талқанда бұл иттердің аулын шауып.

Дастанда осындай өлең жолдары көптеп кездеседі. Бұдан Әжібайдың бүкіл өмірі ел бостандығы жолында жаумен арпалыста өткені айқын аңғарылады. Дастанның соңына таман автор Әжібайдың шау тартқан кезін жырға қоса отырып, соғыс кезінде жауына қасқайып қарсы тұрған Ер Әжібайдың бейбіт заманда да халқына пайдасы тиетін тірлікпен шұғылданғанын мынадай жыр жолдары арқылы дәлелдейді:

Бұл жерден қалмақ үркіп кеткеннен соң,
Түргенді Әжібай мекен еткен екен.
Түргенді Әжібай мекен қылып жүре берді,
Сыйлайды жұрттың бәрі Әжібай ерді.
Ең алғаш бұл Керейден қоныс алған
Қазақта батыр туған Әжібай дер-ді.
Түргеннен шығарыпты тоған қазып,
Болсын деп тұқымыма болған азық.
«Әжібай тоғаны» деп атайды әлі,
Суына жұрттың бәрі болды қарық.
Бұл дәлел сөздерімнің расына,
Қалдырған ақылменен мұрасына.
Мың алты жүз сексенде, не тоқсанда
Қазыпты бұл тоғанды сол шамасында.
Жайлапты бір жыл барып Қара торық,
Батырың қиналыпты қатты ауырып.
«Түргенге әуре қылып апармай-ақ,
Бөлектің қасына мені қой апарып».
Мың жеті жүз үшінші болғанда жыл,
Оқушым, біліп қойғын, өліпті бұл.
Жасында жетпіс тоғыз қайтыс болып,
Осындай іс қылыпты батырың ол.

Ер Әжібай туралы, оған арналған жыр-дастан туралы ойымызды қорытындылай келе айтарымыз, елінің бостандығы мен азаттығы үшін өмір бойы күресіп өткен Әжібай сияқты тұлғалардың елге сіңірген еңбегі ұмытылмақ емес. Олардың ерлігі ел болашағымен бірге жасай береді. Өйткені олардың есімі аталып, аты айтылған жерде елдік мұраттың ең биігі – азаттық, тәуелсіздік деген қасиетті ұғым тұрады. Тәуелсіздіктің тұғырлы, ұмырлы болуы – ауқымды, мазмұнды, маңызды елдік іс-шаралармен тікелей астасып жататыны да сондықтан болса керек.

Өмірзақ ОЗҒАНБАЕВ,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

8 AINA
E-mail: jasqazaq2019@mail.ru
www.jasqazaq.kz

БҮГІНГІ САТИРА

Шатырдағы махаббат



Біздің ауылдан интернетті итпен іздеп таба алмайсыз. Қаладағы құдаңызбен сөйлескіңіз келсе, қыр іздеп, ақырында қоңыз теріп кетесіз... Ет жеп болып, есінеп, далаға шықсам, біздің үйдің төбесінен біреулердің шыңғырып сөйлескенін естіп, есімнен танып қала жаздадым. Иегімді саусағыммен көтеріп, аспанға қарасам, шатырымда қонақтап отырған көршіміздің Алматыда университетте және мектепте оқитын үш баласын көріп, тірідей өліп, сабырымды, ақылымды қара жерге көміп, айқай салдым.

– Әй, қарғалардай қарқылдап, неғып отырсыңдар? – деп сұрадым таң қалып, таңдайым жабысып, таңданып..

– Жерде интернет ұстамай жатыр, сосын сіздің үйдің шатырына шығып.... – деді студент.

– Немене, біздің үйдің шатыры интернет орталығы ма? Түсіндер!

– Көкетай, онлайн сабақ өтіп жатырмын. Алматымен.

– Менің шатырым Алматы ма саған? Шипырды сындырасыңдар, түсіндер деймін!

– Біз мектепке бармаймыз, онлайн сабақ өтудеміз, – деді көршімнің тентек баласы ауыз-басын қисайтып. Тентек болмаса, біреудің шатырына шығып, онлайн бола ма? Ауыл-аймақты интернетпен қамтамасыз етпеген министрліктерінен көрсін!

– Түсіндер, әйтпесе, баламның рогаткісімен атамын!

– Осы үйдегі апай рұқсат берді ғой?

– Қатыным ба? Бұл үйге мен қожайынмын! Өз шатырларыңа шығыңдар!

– Сіздің шатырыңыз биік екен.

Таспен атқылап едім, қорыққан студенттің аяғы тайып кетіп, сырғанап барып, үйдің жанына байлаулы тұрған айғырымның үстіне қонжия кетті. Айғырым қорыққанынан үркіп, есек сияқты ақырып кетті ме, есегім кісінегендей, итім күлгендей болды ма, әйтеуір айнала азан-қазан болды. Бәрін қуып шығып, үйге кірдім де, әйелімнің басына тостақпен тоқ еткіздім.

– Неменеге көл-пәл бола қалдың?

– Тегін шығардым ба? Шатыр үстіне шығып, онлайн сабақ өткендері үшін минутына елу теңгеге келістім. Бизнес қой, – деп әйелім жылап алды, мұрнын бырқ еткізіп сүрту үшін бет орамалымды сұрап алды. Бір кезде үйдің төбесінде төрт адам төбелесіп жатқандай болып кетті де, аулаға атып шықтым. Иегімді саусағыммен көтеріп, шатырға қарадым да, шалқамнан түстім. Мәссаған! Шатырым төбесінде танымайтын бір семіз әйел мен шидей еркек құшақтасып отыр.

– Сендер кімсіңдер? – деп сұрадым мен.

– Өзіңіз кімсіз? – деді әйел ұялы телефонын құлағына тоса беріп.

– Как кіммін? Осы үйдің қожайынымын!

– Кешіріңіз, – деді еркек еріне сөйлеп, – бағана әйеліңізге мың теңге беріп қойғанбыз. Біз арғы көшеде тұратын Арғынбайдың құдалары едік.

– Құдалары болсаңыз қайтейін?

– Астанадағы құдамызбен онлайн құдалық өткізіп отырмыз. Жерде сеть селт етпейді екен.

Бір кезде семіз әйел сырғанап кетті. Зәрем қалмады, Ары жүгірдім, бері жүгірдім, жерге құлап өлсе, жауап беремін ғой! Абырой болғанда, үй жанындағы шөптің үстіне құлады да, құтқаруға ұмтыламын деп, оның үстіне мен құладым.

– Үстімде неғып жатырсыз? – деп сұрады ол.

– Онлайн махаббат, – дедім мен кекетіп. Құрып кетсін мұндай онлайн дегендері! Шатырым шытынап, не істесем екен деп тісімді шұқылап, басымды сипалап, жүйкемді қиқалап отырмын. Оу, ағайын, онлайн сабақтарда сән бар ма, осылай оқығандарында мән бар ма, балаларыңыздың қауашағында дән бар ма, өзі? Пандемия партаны сағындырды ғой!

Мұхтар ШЕРІМ

ЕҢ ЕҢ

Болашақ үшін маңызды бағыт

Еріктіліктің негізгі бағытының бірі – «Асыл мұра». Аты айтып тұрғандай, халқымыздың мәдени асыл мұрасын өскелең ұрпақпен үндестіру. Тарих пен мәдени құндылықтарды жаңғырту. Алматыдағы белсенді еріктілер де «Асыл мұра» бағыты бойынша біраз шаруаны қолға алыпты. Бізге бұл туралы Алматыдағы Almaty Volunteers ұйымының «Асыл мұра» бағыты бойынша үйлестірушісі Балкис Ізтаева әңгімелеп берді.

Jas qazaq: Балкис Ерланқызы, алдымен «Асыл мұра» бағытының маңызына тоқтала кетсеңіз.

Б.Ізтаева: «Асыл мұра» бағытының басты мақсаты – халқымыздың рухани, мәдени құндылықтарын сақтауға еріктілерді тарту. Бұл – болашағымыз үшін аса маңызды бағыттың бірі. Өйткені ерікті жастарымыз ең алдымен,

тарихымыз бен мәдениетімізді қастерлеуді, құрметтеуді, бағалауды үйренеді. Өскелең ұрпақ төл тарихын білуі тиіс.

Jas qazaq: Бұл бағыт бойынша қандай жұмыстар атқарылды?

Б.Ізтаева: «Асыл мұра» бағыты бойынша бірнеше шаралар жүзеге асты. Айталық, Алматы қаласы бойынша 198 ескерткіш бар. Біз соларға қатысты материалдарды қалалық мәдениет басқармасынан алдық. Ең алдымен, барлық ескерткіштерге мониторинг жүргізілді. Қажет болған жағдайда, кейбір ескерткіштер тазаланды. Жалпы осы бағыт бойынша 40 шақты ерікті жұмыс істейді. Жігерлі жастар осы бағытты дамытуға өз үлестерін қосуда. Сондай-ақ «Гид еріктілер мектебі» мен «Бабалар аманаты» жобасы қолға алынды.

Jas qazaq: «Гид еріктілер мектебі» жобасы туралы толығырақ айтып өтсеңіз?

Б.Ізтаева: Қазір «Гид еріктілер мектебі» мен «Бабалар аманаты» жобасы қолға алынды. «Гид еріктілер мектебінің» басты мақсаты – еріктілерді қаламыздағы мәдени орындармен таныстыру. Оларды өз ізбасарларын дайындауға дағдыландыру. Осы мектепте еріктілер тәжірибелі мамандардың лекциясына қатысады. Сондай-ақ қаламыздағы көпбалалы отбасылардың балаларын мәдени орындарға арнайы апарып, таныстырады. Гид мектебінен өткен әрбір еріктіге арнайы сертификат беріледі. Осылайша «Асыл мұра» бағыты бойынша ерікті жастардың қатарын көбейтіп, олардың қызығушылығын арттырмақпыз.

Jas qazaq: Ерікті болғысы келетін жастардың белсенділігі қандай? Сіздіңше, еріктілікті бұдан әрі дамытуымыз үшін не істеу керек?

Б.Ізтаева: Біздің бағытқа қызығушылық танытып, жұмыс істегісі келетіндер көбіне тарих, археология факультетінің студенттері. Келешек мамандығымен байланысты болғандықтан, осы саланы тереңірек білгісі келеді. Өз байқауымша, ерікті болғысы келетін жастар өте көп. Олардың белсенділігі де жоғары. Ал еріктілікті әрі қарай дамытуымыз үшін, меніңше, шетелдің тәжірибесін үйренуіміз керек. Өйткені оларда еріктілік ісі бұрыннан дамыған. Әрі

түрлі бағытта жүзеге асады. Біз де еріктілікті барынша жарнамалап, таргетингті дамытуымыз қажет. Ерікті болғысы келетін азамат толық ақпаратпен қамтылуы тиіс. Сондықтан еріктілікті дамыту үшін, нақты әрі толыққанды ақпарат алатын сайттар мен жастар отыратын әлеуметтік желідегі жарнаманы күшейткен дұрыс.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

БЕКІТЕМІН:
«Оқушылар сарайы»
МКҚК директоры
_____ Д.Әбілмәжінова

«Қазақстан халықтарының ертегілері балалар көзімен»
облыстық суреттер байқауы туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. «Қазақстан халықтарының ертегілері балалар көзімен» облыстық суреттер байқауы туралы осы ЕРЕЖЕ байқауды ұйымдастыру мен өткізудің тәртібін, жұмыстарды іріктеу критерийлерін, қатысушылар құрамын, серіктестерді, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау тәртібін айқындайды.

1.2. Байқаудың тақырыбы – **«Қазақстан халықтарының ертегілері балалар көзімен»**

1.3. Байқау өскелең ұрпақты патриотизм рухында тәрбиелеу, халық ертегілері мен аңыздарына қызығушылығын дамыту бойынша бағдарлама аясында өткізіледі.

1.4. Байқаудың ұйымдастырушылары:

❖ «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Білім басқармасы» КММ «Оқушылар сарайы» МКҚК;

1.5. Қолдау көрсетушілер:

❖ «Uraq» қазақ мәдени-ағарту орталығы, төрайымы Мұсабаева Гүлбақша Нұрмұқанқызы

❖ Солтүстік Қазақстан облысының орыс қауымдастығы, төрағасы Кузнецов Олег Юрьевич

2. Байқауды ұйымдастырушы комитет

2.1. Құрамы:

❖ «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Білім басқармасы» КММ «Оқушылар сарайы» МКҚК директоры Әбілмәжінова Дина Жаңұзаққызы;

❖ «Uraq» қазақ мәдени-ағарту орталығы, төрайымы Мұсабаева Гүлбақша Нұрмұқанқызы;

❖ Солтүстік Қазақстан облысының орыс қауымдастығы, төрағасы Кузнецов Олег Юрьевич

2.2. Байқауды өткізудің жалпы тәртібін айқындайды және қадағалайды;

❖ әділқазылар құрамын бекітеді;

❖ байқау қорытындысын жалпылайды және талдау жасайды, жеңімпаздарды марапаттайды;

❖ байқауды ұйымдастырушылар Байқауға қолдау көрсеткен ұйымдар өкілдерін Ұйымдастыру комитетіне кіргізу құқығын өзіне қалдырады.

3. Байқаудың негізгі мақсаты және міндеттері

3.1. Байқау мыналарға бағытталған:

❖ өскелең ұрпақты халықтық дәстүрлерді түсінуге және құрметтеуге баулу, түрлі диаспора өкілдерімен достық және ынтымақтастық қарым-қатынасты қолдау;

❖ өз халқының мәдениетін терең түсінуді қалыптастыру;

❖ мейірімділік, әділеттілік, гумандық сезімдерге, басқа да позитивті адами қасиеттерге дағдыландыру;

❖ шығармашылық даралық пен әлеуметтік белсенділікті дамыту;

❖ зерттеу дағдыларын, жаңа білім алу қызығушылығын ынталандыру, дүниетанымдарын кеңейту.

4. Байқау Тұжырымдамасы

Әрбір ертегі – саяхаттарға, оқиғаларға және сиқырлы жұмбақтарға толы әлем. Бала соншалықты еліктіретін таңғажайып оқиғалар қатысушысы болып, ертегі үздік ұстазға және басқа елдер, халықтар, ұлттық ғұрыптар, салт-дәстүрлер, киімдер, аңыздар туралы жаңа білім алудың сарқылмас қайнарына айналады. Бала шақтан ертегілерді зерделеу халық шығармашылығына деген қызығушылыққа, басқа ұлт адамдарын құрметтеуге тәрбиелейді, оқуға деген ынтаны, өздігінен жетілдіруді дамытады.

Ертегілер – балалар суреттерінің ең танымал сюжеті; балалар ешбір тапсырмасыз-ақ өздерінің сүйікті батырларын және кейіпкерлерінің суреттерін салғанды ұнатады. Әр бала сүйікті ертегісін өзі иллюстрациялаған кітабының болуы туралы армандауы мүмкін.Балалар жұмыстарын бағалауда ұлттық тұрмыс, киімдер, дәстүрлер детальдарын көрсеткеніне ерекше назар аударылатын болады. Байқау жас суретшілер үшін қызықты да танымды болмақ.

5. Байқауға қатысушылар

5.1. Байқауға қатысуға 5-16 жас арасындағы балалар мен жасөспірімдер жіберіледі.

5.2. Әрбір қатысушыдан 2 жұмыс қабылданады:

1. Қазақ ертегісіне иллюстрация;
2. Қазақстан халықтарының ертегілеріне иллюстрация.

6. Байқауды ұйымдастырудың және өткізудің тәртібі

6.1. Байқау 2020 жылғы 1 қыркүйектен 2020 жылғы 31 қазанға дейін жалғасады.

6.2. Байқауға жұмыстар электрондық түрде жіберіледі.

6.3. Әділқазылар 2-16 қараша аралығында жұмыс істейді.

6.4. Қорытындысы 16 қарашада жарияланады.

6.5. Дипломдар мен сертификаттар байқау жұмыстары алынған электрондық мекенжайларға жіберілетін болады.

7. Байқауға қабылданатын жұмыстарға қойылатын техникалық талаптар

7.1. Суреттер «Қазақстан халықтарының ертегілері» белгісімен skazki_kz@mail.ru электрондық поштасына жіберіледі

7.2. Жұмыстар JPEG форматында сканерленген түрде жіберілуі тиіс. Ұсынылатын көлемі 2Mb артық емес, файлдың атауы арнайы символдар және тыныс белгілерінсіз әріптер мен сандардан тұруы тиіс.

8. Жұмыстарды бағалау критерийлері

8.1. Тақырыпты ашуға шығармашылық тұрғыда келу, ойдың жекелігі және тереңдігі;

8.2. Шығармашылық орындау, ойды жеткізу үшін иллюстрациялық мәнерлеу құралдарын қолдана білу *(сызық, дақ, штрих, құрылысы т.б.);*

8.3. Таңдап алынған елдің ертегілеріне иллюстрация жасауда ұлттық тұрмыс, киімдер, дәстүрлер детальдарына зейін қою.

9. Ақпараттық серіктес

9.1. Jas Qazaq республикалық газеті *(Алматы қ.)*

«Дәуір» ЖШС баспасының ұжымы әріптесіміз

Арайлым Болатбекқызы АЛЫБАЕВАНЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғырып, көңіл айтамыз.

Марқұмның иманы жолдас, жаны жәннатта болсын! Оның жарқын бейнесін біз әрдайым есімізде сақтаймыз.

Бас редактор – директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА – *арнаулы тілші*

Әбдіманап КЕҢЕС – *жастар және ғылым*

Кәмшат ТӨЛЕШОВА – *терімші*

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ – *web-сайт*

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ –
Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС – Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАҚОВА – Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ –
Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ – шолушы

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:
«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс – №2223;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым – 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana» әуежолының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.